

КАРАНТИН

## БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

4-БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚ

## АМАН ҚАЛАТЫНЫМА СЕНБЕДІМ

5-БЕТТЕ



ЭКОЛОГИЯ

## САНАМЫЗДЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТАЙЫҚ!

6-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Nur-Sultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ASTANA AQSHAMY

ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ! 30 жыл

№87 (4056) Сенбі 25 шілде 2020 жыл



Елордада «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша 3 мыңнан астам бос жұмыс орны бар.

Қаланың барлық тұрғындары мемлекеттік бағдарламаға тұрғылықты жері бойынша тіркеумен де, тіркеусіз де қатыса алады. Бүгінгі таңда «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020-2021» бағдарламасы аясында 107 инфрақұрылым нысанында жұмыстар жүргізілуде. Қол еңбегіне сұраныс жоғары. Жұмыс күшінің тапшылығы, мамандар жетіспеушілігі бар. Елордада аталған жоба бойынша 3929 адам жұмыспен қамтылды. 94 ұйыммен ниет хаттамалары жасалды.



«Самұрық-Қазына» компаниялар тобының волонтерлері «Дәрігерлерге тағзым» шарасы аясында елордалық дәрігерлерге қолдау көрсетті.

Олар қорғаныс маскалары, костюмдер мен ауызсуын №8 қалалық емхана мен Нұр-Сұлтан қаласының Орталық жол аурханасының, сондай-ақ Ақтау қаласының Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының дәрігерлеріне тапсырды. Қор тобында волонтерлік төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Qamqor көмек қажет адамдарға қамқорлық жасау, Umit – қоғамдық волонтерлік, Asylmura – Қазақстан тарихын сақтауға жәрдемдесу, Taza Kazakhstan – табиғатты сақтауға үлес қосу.



# 130 ЛИФТ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

**Биыл елордада 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделіп, 130-дан астам лифті ауыстырылмақ. Бұл туралы қала әкімі Алтай Көлгінов азаматтарды онлайн қабылдау кезінде мәлімдеді.**

Кезекті қабылдауда сонымен қатар жұмысқа тұру, тұрғын үй жағдайын жақсарту мәселелері көтерілді. Соған қоса апатты жағдайдағы ескі үйлерді сүру жұмыстары жүргізіліп жатқаны айтылды. Тізімде салынғанына 90 жыл болған үй де бар.

– Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бағдарламасы бойынша қасбетті нығайту, шатырды ауыстыру, кіреберістерді жөндеу және т.б. жөндеу жұмыстарын да сөз еттік. Атқарылып жатқан жұмыстар тұрғын үй жағдайын айтарлықтай жақсартады, көтерілген мәселелер жіті бақылауда, – деп жазды Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында. Сондай-ақ әкім қазіргі таңда азаматтар көтерген мәселелердің орындалу барысын қарау және бақылау үшін электронды карталар жүйесі құрылғанын жеткізді.

## COVID-19 ҚАЗАҚСТАНДА

| | |
|---|---|
| АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР: | 78486 |
| ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР: | 49488 |
| ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР: | 585 |

№87 (4056) 25 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



# ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады. Мемлекет басшысы Премьер-министрдің еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және әлеуметтік-экономикалық даму туралы есебін тыңдады.**

Асқар Маминнің айтуынша, еліміздегі коронавирус жұқтырғандардың саны 2,1 пайызға төмендеген, ауруханалардағы індетке шалдыққан азаматтарға арналған жалпы төсек-орын 30,4 мыңнан 49,7 мыңға дейін көбейген, соның есебінен жансақтау бөліміндегі орындарға қажеттілік 12 пайызға, станционарда 25 пайызға азайған. Сондай-ақ COVID-19 індетінен жазылып шыққандар 63 пайызға артып, жедел-жәрдем шақыртушылар саны 31 пайызға төмендеген.

Үкімет басшысы Президентке барлық өңірлердегі тұрақтандыру қоры қажетті дәрі-дәрмектер мен медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылып, ауруханаларды өкпені жасанды желдету және оттегі концентраторларымен қамтамасыз ету жұмыстары жүріп жатқанын жеткізді.

Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шектеу шаралары кезінде кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, жұмыспен қамту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер жөнінде айтты.

Мемлекет басшысы Премьер-министрге аймақтарды, әсіресе, ауылдарды қажетті дәрі-дәрмектермен және медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсырды. Президенттің айтуынша, пандемия кезінде және одан кейінгі уақытта Үкіметтің алдында экономиканың жоспарлы дамуын қамтамасыз етіп, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру міндеті тұр. Қазіргі уақытта жаңа экономикалық бағытты әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр. Ол Мемлекет басшысының алдағы Жолдауының негізгі бөлігін құрайтын болады.

# ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан және Қарағанды облыстарындағы жағдайға байланысты кеңес өткізді. Мемлекет басшысы Шорнақ ауылы мен Сәтбаев қаласындағы оқиғаларға байланысты Президент Әкімшілігінің басшылығымен, Түркістан және Қарағанды облыстарының әкімдерімен, құқық қорғау органдарының басшылығымен кеңес өткізді.**

«Дер кезінде қабылданған шешімдердің арқасында Шорнақ ауылы мен Сәтбаев қаласындағы жағдай тұрақталды. Тәртіпсіздіктің қайталануына ешқандай себеп жоқ. Президент жағдайды бақылауда ұстап, жергілікті тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, ел ішіндегі тұрақтылықты бұзуға талпынған арандатушылардың алдын алуды, құқық бұзушыларды заң аясында жауапкершілікке тартуды тапсырды. Сонымен қатар ол аталған аймақтардағы халықтың ең басты әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне назар аудару керек екенін айтты. Ал құқық қорғау органдарына кәмелет жасына толмаған қызды зорламақ болды деген күдікпен ұсталған Сәтбаев қаласының тұрғынына қатысты тергеу жұмыстарын жан-жақты жүргізіп, оның қорытындысы туралы жұртшылыққа нақты ақпарат беру туралы тапсырма берді» деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы Бәрік Уәли әлеуметтік желідегі парақшасында.

# ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛУДЕ

**Биыл елордада 8 мыңға жуық үлескердің проблемасы шешіледі. Яғни, барлығы 20 көппәтерлі тұрғын үй кешені салынып, пайдалануға беріледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп.**

Жұмыс бабымен қаладағы құрылысы ұзаққа созылып, аяқталмаған сондай тұрғын үй нысандарын аралағанын қала әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.

– «Шығыс» тұрғын үй кешеніне қарасты баспаналардың жұмысының барысымен таныстым. Бұл көппәтерлі тұрғын үй кешені де – құрылысы ұзаққа созылған үйлердің бірі. Нысанның құрылысы қайта жанданды. Бірақ құрылыс қарқынын санитария нормаларын қатаң сақтай отырып арттыру қажет. 1А және 1В блоктарында құрылысшылар санын арттыруды тапсырдым. Құрылыс маусымын зая кетіріп алмау шарт, – деп жазды әкім.

Сонымен қатар ол биыл шілде айының басында 8 жылдық тарихы бар «Столичный-2» тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталып, үй пайдалануға берілгенін еске салды. Ал 2004 жылдан бері тұрған «Территория комфорта-1» сүрілді. Онда үлескерлерге арналған жаңа қауіпсіз үй салынады.



# ӘРБІР ИНВЕСТОРМЕН ЖЕКЕ ЖҰМЫС

**Елорда басшылығы әрбір инвестормен жеке жұмыс жүргізіп, әкімшілік кедергілерді алып тастамақ. Осыған орай өткізілетін инвестициялық кеңес жұмысымен елорда әкімі өзінің Instagram парақшасында бөлісті.**

Оның айтуынша, жеке инвестицияларды тарту, қалаға қажетті кәсіпорындар мен нысандарды іске қосу, жаңа жұмыс орындарын құру үшін тұрақты негізде инвестициялық кеңестер өткізіледі.

– Бұған дейін инвестициялық кеңесте дәрі-дәрмектерді тарату орталығының (қоймасы), көтерме-тарату орталықтарының құрылысы сияқты жобалар қолдау тапты. Пандемия осы жобалардың қажет екенін көрсетті. Қазір оларды жүзеге асырумен айналысып жатырмыз, – деді Алтай Көлгінов.

Инвестициялық кеңесте қолдау тапқан жобалардың ішінде әлеуметтік, инфрақұрылымдық, өндірістік, логистикалық және басқа да жобалар бар. Атап айтқанда, көлемдік-блоктық үй құрылысы зауытының құрылысы әлеуметтік үй құрылысының уақытын қысқартуға және шаршы метрдің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Полиэтилен және полипропиленді құбырлар, корпустық жиһаз, асфальт-бетон зауыты, ет өңдеу кешені, қарды кәдеге жарату бойынша заманауи технологиялар, электр автобус паркі және т. б.жобалар да қолдау тапты.

# 200 МЫҢ ОТБАСЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

**«Зекет» қоры демеушілердің көмегімен еліміздің ауруханаларын 255 оттегі желдеткіш аппараттарымен қамтамасыз етті. Бұл туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы онлайн брифингте мәлімдеді.**



«Ел басына күн туғанда асарлатып, жылу жинап, қайырымдылық ісінде шет қалмаған халықпыз. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «Зекет» қоры «Өмірге үміт сыйла» шарасын ұйымдастырып, жамағат, демеуші азаматтардың көмегімен 255 дана оттегі желдеткішін еліміздегі ауруханаларға жеткізіп бердік. Мұнымен қоса діни басқарманың мұрындық болуымен 200 мыңнан аса отбасыға азық-түлік, 42 мыңнан астам медициналық бетперде таратылды. Осы істі жүзеге асырған дін қызметкерлеріне және кәсіпкер азаматтарға Алла разы болып, ізгі амалдары сауаптан болсын дегім келеді» деді ҚМДБ төрағасы.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Бас мүфти, ҚМДБ-ның төрағасы:

**Әсіресе, зираттағы жер құнын аспандатып жібермейік. Жерлеу рәсімдеріне қатысты қызмет бағасын да қолдан шарықтатпайық. Сындарлы сәтте халықтың жағдайын ескергеніміз абзал. Ар мен ұятты естен шығармайық, ағайын! Осындай қиын-қыстау шақта азаматтарды пендешілікке салынып, пайда табу мен алыпсатарлыққа бармай, мал бағасын қымбаттатпауға, халықтың жағдайын ескеруге шақырамын.**

(24.07.2020. Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте айтқан сөзі)

# 500 КЕРЕУЕТПЕН ТОЛЫҚТЫ

**Елордадағы № 3 көпсалалы қалалық аурухананың «Рамада Плаза» жұқпалы аурулар стационарына 500 көпфункциялы кереует алынды.**

Заманауи талаптарға сай кереуеттер дәрі-дәрмек штативтерімен жабдықталған. Олар пайдалануға өте ыңғайлы және еркін қозғалады. Бүгінде қалада 4 мыңға жуық төсек-орындық 16 стационар жұмыс істеп тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен елорданың ауруханалары мен емханаларына коронавирус пен пневмонияны емдеу үшін қосымша медициналық жабдықтар түсті. Олардың ішінде 150 флуометр, 350-ден астам оттегі концентраторы бар. Таяу күндері тағы өкпені жасанды желдетуге арналған 50 аппарат келіп түседі. Жақын күндері қала ауруханалары мен емханаларына тағы 250-ден астам оттегі концентраты, 350 флуометр, 2 компьютерлік томограф және т.б. жабдықтар әкелінбек. Сонымен қатар, қаладағы дәріханаларға коронавирус пен пневмонияны емдеу үшін 80 тоннадан астам дәрі-дәрмек жеткізілді. Бұл гуманитарлық жүк саналмайды, дәріханалар желісі дистрибьютерлерінің қаржысы есебінен алынған. Әкімдік тарапынан оларға дәрі-дәрмекті сатып алуға қаржы бөлініп, көлікпен жеткізуге көмек көрсетілуде. Бүгін-ертең қалаға қосымша дәрілер жеткізілмек.



# ШЫҒА БЕРІСКЕ БЕКЕТТЕР ҚОЙЫЛДЫ

**Індеттің таралуымен күресте карантиндік шараларды күшейту үшін туристік аймақтар жабылады. Демалыс орындарына баратын көлік қозғалысын шектеу мақсатында елордадан шыға беріске бекеттер қойылды. Нұр-Сұлтан қалалық полициясы тұрғындарға туристік аймақтарға барудан бас тарту жөнінде ескертеді.**




Жадыра
**ШАМҰРАТОВА**

Елордалық полиция қызметкерлері автокөлік жүргізушілерімен көліктердің демалыс аймақтарына қозғалыс шектеулі екендігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар маска режимі мен қашықтықты сақтау ережелерін сақтау қажеттілігі туралы ескертеді. «Шектеу шаралары үнемі ерекше бақылауда болады. Індетпен күресу үшін елорда тұрғындары мен қонақтары жағдайды түсініп, адамдар көп жиналатын орындар мен демалыс аймақтарына бармауы керек» деді Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Госман Жакин.

Өткен тәулікте Нұр-Сұлтанда полиция қызметкерлерінің, эпидемиологтардың, еріктілердің, жергілікті атқарушы органдардың мобильді топтары 34 карантиндік заң бұзушылықты анықтады, олардың 25-і маска кимеу мен әлеуметтік қашықтықты сақтауға байланысты болса, 9-ы тыйым салынған уақытта қызметін тоқтатпаған кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты.

Қазіргі кезде 16 мониторингтік мобильді топ жұмыс істеуде. Полиция қызметкерлері ойын-сауық, тамақтану орындарына, моншаға, аттракциондарға кіріп, иелеріне қолданыстағы карантин шаралары туралы ескертеді, сондай-ақ заң бұзушылықтарды анықтайды.

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

# ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ПА, ЖОҚ ӘЛДЕ...

**Жуырда депутат Азат Перуашев Парламентке Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндер үшін емтихан енгізуді ұсыныпты. «Азаматтық туралы» заңға өзгеріс енгізіп, азаматтық алғысы келетіндер Қазақстан Республикасының Конституциясын, мәдениеті мен тарихын, тілдік саясатын білу бойынша емтихан нормаларын жасау керек деп ұсыныс айтқан қалаулы шетелде де мұндай тәжірибенің барлығын алға тартады.**

Қалиакбар
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Бір қарасаң, мәжілісмен елдің мұңын, қазақ тілінің жырын айтып отырған сияқты. Дегенмен, бұл ұсыныстың ақылға қонбайтын, көңілге күдік ұялататын тұстары да жоқ емес.

Ең әуелі, Азат Перуашев «ҚР азаматтығын алғысы келетіндер қазақ тілінен емтихан тапсырсын» дегенде басты меңзеп отырғаны кім? Қазақстан азаматтығын алғысы келетін басқа ұлт өкілдеріне қаратылған ба? Жоқ әлде жалпы шетел азаматтарын, дәлірек айтқанда, қандастарды да қамти ма? Егер бұл ұсыныс басқа ұлт азаматтарына ғана қаратылған болса, онда ұсыныстың ішінде «шетелден көшіп келген қандастардан басқа» деген бір ауыз сөзді анық айтқан болар еді. Бірақ ондай сөз жоқ.

Басын ашып айтатын бір мәселе, бұл шарт Қазақстанға ағылған басқа ұлт азаматтарына ешқандай тосқауыл бола алмайды. Себебі шетелде қазақ тілін білетін басқа ұлт азаматтары аз емес. Түркі тілдес ұлттардың бірazы қазақ тілін біледі. Ұйғыр, өзбек, қырғызды қойып, іргеміздегі Қытайдың өзінде қазақ тілін Қазақстан Парламентінде отырған кейбір қазақтардан кем сөйлемейтін қытайлар да жетеді. Қытай бойынша, 5 университетте қазақ тілін үйретеді. Әр жылы неше жүз қытай қазақ тілі мамандығы бойынша бакалаврлық атақ алады. Көрші елдерде қазақ тілін білетін сібе, дүңген, моңғолдар да көп. Осы жағдайды ескерсек, «Қазақ тілі емтиханынан өткен кез келген шетел азаматын азаматтыққа қабылдасақ, Қазақстан бірер жылда-ақ келімсектерге толып кетпей ме» деген ой келеді.

Перуашевтің қазақ тіліне жаны ашып айтып отыр дейік десек, Қазақстанда қазақ тілін білмейтін қазақ жоқ па?! Парламенттің мінбесінде, министрліктердің төрінде орысша сайрайтын қазақ қаншама? Елімізде Мемлекет басшысы болатын адамнан басқа қай қазақ (қай ұлт) қазақ тілінен емтихан тапсырып еді?



Егер Перуашев «Парламент қазақша сөйлесін, мемлекеттік қызметке келетін әр адам қазақ тілінен емтихан тапсыруы шарт» десе, оған ешқандай қарсылығымыз жоқ. Қос қолдап қолдар едік. Ал мына ұсынысы шетелдегі қазақ тілін білмейтін, бірақ ата жұртқа оралғысы келетін қандастарды кеудесінен кері тебу емес пе?

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



# ӘЛЕМДЕ ӘРБІР БЕСІНШІ АЗАМАТ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛДЫ

**БҰҰ-ның хабарлауынша, COVID-19-дың салдарынан әлемде әрбір бесінші азамат жұмыссыз қалды. Пандемия сондай-ақ жастарға білім беру процесі мен мамандарды даярлау жағына да кесірін тигізген. «БҰҰ-ның өкілдері шұғыл шара қабылдамаса, бұл мәселе ондаған жылға дейін созылып кетуі мүмкін» деп дабыл қақты.**

Пандемияның кесірінен АҚШ экономикасының көрсеткіші төмендеп, елдегі жұмыссыздық 19,6%-ке дейін өсті. Мұндай көрсеткіш соңғы 100 жылда тіркелмеген. Кәрі құрлық елдерінде де жағдай мәз емес. Жұмыссыздық мәселесі Германия, Франция, Испания, Италияда өзекті. Германияда табысынан айырылғандардың қатары 2 млн 943 мыңға артты. Сарапшылар бұл сан жыл соңына дейін 1,4%-ке дейін өседі деп болжайды.




# ВАКЦИНА ҚАШАН ДАЙЫН БОЛАДЫ?

**Коронавирусқа қарсы вакцина 2021 жылдың бірінші тоқсанынан кейін дайын болады. Бұл туралы ДДСҰ денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар бағдарламасының директоры Майкл Райан айтты.**

Зерттеулер әлі жалғасады. Себебі ғалымдар препараттың тиімді әрі қауіпсіз екеніне көз жеткізуі керек. Қазір АҚШ, Ресей, Ұлыбритания және Қытай сынды бірқатар елдің ғалымдары белсенді жұмыс істеп жатыр. АҚШ осы аптаның басында коронавирусқа қарсы екі вакцинаны соңғы клиникалық сынақтан өткізу басталғанын мәлімдесе, Қытай да COVID-19 вакцинасын сынаудың екінші кезеңін аяқталғанын хабарлаған еді.



# ЖЕР СЕРІГІН ЖОЯТЫН ҚАРУ

**Мәскеу ғарышта спутникті жоятын қаруды сынақтан өткізді. АҚШ «Ресей аппаратпен бірге орбитаға тағы бір спутник шығарды» деп мәлімдеді. Пентагонның пікірінше, бұл Ресейдің ғарышта қару жүйесін дамытып, сынақтан өткізуді жалғастырып жатқанынан хабар береді.**

Ұлыбританияның мәлімдеуінше, Ресей бір спутниктен екіншісіне қарай снаряд жіберген. Оның қалдықтары өзге елдердің маңызды ғарыш жүйесі мен спутниктеріне қауіп төндіруі мүмкін еді. Лондон Мәскеуді мұндай сынақ жүргізбеуге шақырды. Айта кетейік, соңғы он жылда тек төрт мемлекет: Ресей, АҚШ, Қытай және Үндістан спутникті жоятын жүйелерін көрсеткен.

Қалиакбар
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**






# БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

**Елордалық үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) пневмония мен коронавирус инфекциясын емдеуде қажет дәрі-дәрмектер бағасының негізсіз көтерілуіне жол бермеу мақсатында қоғамдық мониторинг жүргізді.**

«Мониторинг және рейд кезінде біз дәріханалардағы дәрі-дәрмектердің қолжетімділігі мен бағаларын қарастырамыз. Бұл санатқа дене қызуын түсіретін, антикоагулянттар, антибиотиктер, вирусқа қарсы дәрі-дәрмектер кірді. Біз үшін, қоғам белсенділері ретінде, азаматтардың дәрі-дәрмектерді қолжетімді бағамен сатып алуы өте маңызды» деді «Рухани қоғам әлемі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Лимана Қойшиева.

Мониторинг барысында қоғам белсенділері азаматтарды індеттің алдын алу үшін санитарлық нормаларды сақтауға шақырды. Сондай-ақ Үкімет пен елорда әкімдігі дәрі-дәрмектерді сатып алу мен жеткізу рәсімдерін жеңілдету, логистика бойынша қолдау көрсетуде. Қалалық прокуратура, полиция департаменттері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі, мемлекеттік кірістер, экономикалық тергеу, фармацевтикалық бақылау қызметкерлерінен тұратын мобильді топ дәрі-дәрмекпен алыпсатарлық фактілерін болдырмау үшін күнделікті жұмыс істейді. Атап айтқанда, I-teka қосымшасын қолдана отырып, әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook, Telegram, WhatsApp) хабарламаларды зерделеу арқылы бағалар үнемі бақылауда.

Азаматтар дәрі-дәрмек бағасының негізсіз қымбаттаған байқаса, iKOMEK 109 бірыңғай байланыс орталығы мен +7 775 160 55 32 WhatsApp нөміріне хабарлама жіберу қажет.






# ЖЫЛЖЫМАЛЫ ФЛЮОРОГРАФИЯ

**Елордада жылжымалы флюорография жұмыс істеп жатыр. Тұрғындар кезек күтпестен көлік ішінде кеудесінің кескінін жасатып, пневмонияның бар-жоғын анықтай алады.**

«Алтай» клинкасына қарасты флюорография көлігі Сарайшық көшесі, 7 мекенжайында орналасқан. Таңғы сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін қызмет көрсетеді. Үзіліс уақыты – 13:00-ден 13:30 аралығында. Жексенбі жұмыс істемейді.

Айта кетейік, қалада мұндай жылжымалы қондырғылар Сығанақ көшесі, 21/1 мекенжайындағы «Medical assistance group» медицина орталығы мен Сәтпаев көшесі, 22 мекенжайындағы «Достар мед» клиникасында қарастырылған.

Рентген-лаборант Дилжанова Ғазизаның айтуынша мұнда күнделікті 130-150 адамға дейін келеді. Бірақ соңғы бір аптада қызметалушылардың саны азайды дейді. «Ақпан айынан бері осы мекенжайда қызмет көрсетіп келеміз. Қазіргі танда пневмонияның сабырсығаны, жұғу қарқынының төмендегені байқалады. Мәселен, соңғы бір аптада флюороға түсушілердің саны азайды. Күніне 50-ге жуық адам қызметімізге жүгінеді. Оның ішінде өкпе қабынуы байқалатындар аз, басым көпшілігінің нәтижесі жақсы. Бүгін түске дейін 15 адам келді, бәрінің көрсеткіші оң. Егер пневмония байқалса, оған ескертіп, дәргерге жолдама жазып беремін. Одан соң барлық аппаратураны өшіріп, көлік ішін бактерияларды өлтіру үшін кварцтаймын. Флюокардың есік-терезесін жауып 15 минутқа қалдырып кетемін. Барлық санитарлық талаптарға сай жұмыс істеп отырмыз. Бетпердесіз ешкім ішке кіре алмайды. Қызметті барынша жылдам көрсетуге тырысамыз, бас дәрігер процесті онлайн бақылайды. Ол тексеріп нәтижесін маған жібереді, мен оны шығарып қызметалушының қолына беремін. Осы маңайдағы тұрғындарға қарағанда, жан-жақтан іздеп келушілер көп. Көбісі пневмониядан айығып, сауығына көз жеткізу үшін екінші рет тексеріліп жатады» деді маман.

Кез келген ниет білдіруші жылжымалы бекетке келіп кеудесінің кескінін жасата алады, алдын ала тіркелудің қажеті жоқ. Тексерістен өту ақысы 2500 теңге, өзіңізбен жеке куәлігіңіз болса жеткілікті.



# ДЕРТТЕН ҚАЙТСЕК ҚҰТЫЛАМЫЗ?

**«Дерттен қайтсек құтыламыз?» деген сауалды қоғамдық пікір көшбасшыларына қойған едік. Жауаптары төмендегідей.**



**Динагүл БАЕШҚЫЗЫ,** инфекционист-дәрігер:

*– Бұл мәселеде халықтың білімсіздігі мен тәртіптің жоқтығын айтуға болады. Мен 5 айдан бері аурудан қалай сақтану керегін айтып келемін. Бес айдың ішінде халықтың денсаулығы үшін 100-ден аса ақысыз түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Ал жұртшылық әлі де бейғамдық танытады. Сенбейді күні бүгінге дейін. Оған кінәлі – халықтың қараңғылығы. Ауыр тиетіні, жұрт осы ауруды мен әкелгендей, маған неше түрлі негативті пікірлер жазады. Не үшін? Мен инфекционистпін, мен сараптама жүргіздім. Халықты сақтап қалуға барымды салып жатырмын. Надан адамдар өзін де, өзгені де адастырады. Эпидахуалдың ушығуы – осы наданд ықтың кесірінен. Қазір карантинге қарамастан жұрт бір-бірімен емін-еркін кездесіп жүре беретін болса, 2 аптадан кейін ауырғандардың саны артады. Бір-біріне жұқтырып, соңында 60-тан асқан адамдар арамызда қалмайды. Біз қандай карантин жасасақ та, қаншама дезинфекция жүргізсек те, тіпті басымыздан аяғымызға дейін бүркеніп жүрсек те, егер үйден шығып, әр жерге барып жүре берсек, біз бұл ауруды жеңе алмаймыз. Сол үшін сауатты, халыққа жанашыр жандар, журналистер мен ел адамдары, продюсерлер бірігіп, халыққа қарапайым тілде түсіндіру қажет. Осылай ғана сақтана аламыз, басқа амал қалмады.*



**Айбек ҚОСАН,** журналист:

*– Бұл – ақпараттық саясаттың дұрыс жүргізілмеуінен туындаған мәселе. Індет енді басталып жатқанда Денсаулық сақтау министрлігі, Үкімет тарапынан халықты ақпараттандыру жұмыстары дұрыс жүргізілмеді. Емханаларда расымен ауырып жатқан азаматтарды көрсетіп ашықтық таныту қажет еді. О баста коронавирусты аты бар заты жоқ сияқты дүние деп ойлап жүрді халықтың дені. Екіншіден, балконға шығып тұру қажет, бір қолыңда жеке куәлігіңді ұстап тұр, сол арқылы барлығымыздың температурамызды өлшейді деген сияқты фейк ақпараттарға сүйеніп, соны бір-біріне таратып жүргені – халықтың әлі де сауатының төмен екендігінің дәлелі. Тыйылып той жасап, маска тағу, әлеуметтік қашықтықты сақтау дегенді міндетсінетін азаматтар бар. Бұл халықтың өз денсаулығына немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Тұрғындардың күні кешеге дейін жаппай демалыс орындарына, қонаққа баруы сол адамдардың білім деңгейінің, ой санасының төмендігін көрсетіп отыр.*

Бетті дайындаған
Наима **НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

# «АУРУХАНАДАН АМАН ШЫҒАТЫНЫМА СЕНБЕДІМ»

**Өкпесі 91 пайыз зақымданған 52 жастағы Гүлнәр Құттыбаева – изолятордан толық емделіп шыққан науқастардың бірі. Ерейментаудан елордаға келіп емделген ол 20 күн бойы індетпен қалай күрескенін айтып берді.**

Аурудың алғашқы белгілері – қызу мен әлсіздік оның бойында 25 маусымда байқала бастады. Дерт туралы деректерге сүйене отырып, ол алдымен еш антибиотиксіз, қызуын тек парацетамолмен түсіруге тырысып, сұйықтық көп іше берген. Үш күннен кейін дене қызуы одан сайын көтеріле берген соң, учаскелік дәрігерге қаралуға тура келеді.

– Алайда дәрігер жазып берген система да нәтиже бермей, ем қонбады. 5 күннен кейін жағдайым одан сайын нашарлады, демікпе пайда болды. Қызу 39 градусқа дейін көтерілді. Өзім онсыз да 2015 жылдан бастап қолқа ауруы бойынша есепте тұрамын. Сосын жолдасым мені елордаға әкелді. Жедел жәрдем шақыртып едік, олар керекті дәрілерді салды. Бірақ КТ немесе рентгенге түспей, ауруханаға ешкімді жатқызбайтынын айтты. Келесі күні КТ-ға түстім. Жағдайым өте нашарлап барғандықтан, мені кезексіз кіргізді. Қорытынды шыққанда олар дереу жедел жәрдем шақыртқызды, себебі өкпем 91 пайыз зақымданған екен. Полисегментарлы пневмония, өкпе фиброзы, вирусты этиология деп жазып берді. Бірінші темір жол ауруханасына жолдады. Ол жерде барлық талдау сынамаларын алып, ПТР тест тапсыртқызды. Тест нәтижесі індет жұқтырғанымды растады. Басында ауруханаға келе жатқанда сатурациям 52 болса, сосын оттегі аппаратына қосып, оны 72-ге дейін жеткізді. Бір тәуліктен кейін мені Қырқыншы станса жақтағы өкпе аурулары ауруханасының дәл осы коронавируспен емдейтін изоляторына жатқызды. Сол кездегі жағдайымның



ауыр болғаны сонша, бұл жерден тірі шықпайтын шығармын деп ойладым, – дейді Гүлнәр.

Күн-түн демей қауіпті инфекциямен күресіп жүрген дәрігерлер басқа науқастармен бірдей Гүлнәр Құттыбаеваның да өмірі үшін барын салды. Ол екі апта жасанды оттегі аппаратымен дем алды. Аппаратты тек кешегі жексенбі алып тастапты. Өзінің айтуынша, емделіп жатқан кезде ресейлік дәрігерлер келіп емдеу тәсіліне сәл өзгеріс енгізіпті, яғни бір препаратты ауыстырған. Содан бірден қызуы түсіп, жағдайы жақсара бастаған.

– Міне, әуелі бір Алланың қолдауымен, сосын жолдасымның және ақ халатты абзал жандардың арқасында бетім бері қарап, ауруханадан шықтым. Мені тікелей емдеген дәрігер Дина Серікбайқызына ерекше алғыс білдіремін. Оларды адам өмірінің арашасысы деп бекер айтпайды, соған тағы да көзім жетті, – дейді ол. Үш баласымен аман-есен қауышқан Гүлнәр Құттыбаева құлан-таза айығып кеткен соң өзі қызмет ететін зауыттағы бухгалтерлік қызметіне қайта кіріспек. Осындай ауыр халде келген науқастардың індетпен күрестегі жеңістері басқа адамдардың күдік жеңген күндеріне үміт сыйлап, алдағы өміріне сенім ұялатады. Сол жеңісті күндерді жақындатып жүрген медицина қызметкерлерінің дертпен күрестегі жанкешті еңбегіне бас имесе болмайды.

Бетті дайындаған
Райхан **РАХМЕТОВА**

# ТӘЖВИРУСТЫ ТЫНЫСЫҢНАН ТАБАДЫ

**Астана медицина университетінің дәрігер-интерні, жас ғалым Бақтияр Әжкен коронавирусты тыныс арқылы анықтайтын тест-жүйесін жасап шығарған авторлардың бірі ретінде танылды. Жасанды интеллект негізінде вирусты 99% нақтылықпен анықтайтын тест бүгінде сынақтан өткізілуде. Жанды жадыратқан жаңашылдық туралы автордың өзінен толығырақ сұрап білдік.**



**– Бақтияр, жаңа тест-жүйесін жасау жобасындағы сіздің басты үлесіңіз неде?**

– Жаңа құрылғыны Нобель комитетінің мүшесі, швейцариялық профессор Ристо Орава командасының құрамындағы ғалымдар тобы Хельсинкидегі зертханада жасап шығарды. Сол топтағы жас ғалымдардың бірі ретінде менің үлесім - жасанды интеллектке медициналық білімді үйрету болды. Мәселен, жасанды интеллект бұл қажет пе немесе қажет емес пе деп сұрайды. Оны үнемі үйретіп отыру керек және оның сол білімді қалай игергенін тексеру қажет. Одан әрі біртіндеп сұрақтары күрделене түседі, соңында ол көзді ашып-жұмғанша «сыртқары» көрсеткіштерді әрбір цикл сайын алып тастай отырып берілген параметрлер бойынша деректерді тексере алатындай дәрежеге жетеді. Мысалы, қазір сандық диагностикада тыныс алу талдауын жасамас бұрын адамның не жеп, не ішкені маңызды емес, себебі жасанды интеллект мұны ажырата біледі және ол өзіне қажет көрсеткіштерді ғана алады. Химиялық сынақтарда мұндай «ақылды» талдау мүмкіндігі жоқ.

**– Құрылғы қашан пайдалануға беріледі?**

– Қазір жаңа құрылғыға ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой мырзаның рұқсатымен және жеке қолдауымен калибрлеу жұмыстары жүргізілуде. Министр практик ретінде денсаулық сақтау саласының міндеттерін жақсы біледі, сондықтан технологияның жаңа буынын барлық ережелерге сәйкес қолдануды дұрыс деп санады. Бұл құрылғы адамдардан коронавирус инфекциясын анықтауда тезірек, дәлірек және арзан диагностика жүргізуге мүмкіндік береді. Егер калибр жұмыстарын екінші рет жүргізу қажеттілігі туындамаса, бұл тестінің кішігірім сынақ партиясын қыркүйек айында пайдалануға беру жоспарлануда. Диагностика кезінде адам құрылғыға дем шығарады. Вирусты анықтауға сол жеткілікті.

**– Бұл ғылыми табысқа қалай қол жеткізгеніңді баяндап берсеңіз...**

– Әрине, басты еңбек – сол Ристо Ораваның еншісінде. Әлем үшін жаһандық маңызы бар жобаға қатысуға қабілетті ғалымдар бар екенін көрсетіп, қазақстандық жас ғалым ретінде осы әзірлемеге қатысуға мүмкіндік алғаным – мен үшін зор мәртебе.

**– Жоба құрамына Қазақстаннан тек сізді таңдады ма?**

– Иә, бастапқыда елімізден тек мені таңдады. Жалпы жобада 15 елдің ғалымдары болды. Мен бар уақытым мен күшімді осыған аямай жұмсадым. Нәтижесінде маған бірнеше ғылыми тапсырмаларды орындау үшін қазақстандық жас медицина ғалымдарының тобын құруға ұсыныс түсті. Қазіргі таңда біздің командада қазақстандық 18 адам бар. Біз сияқты командалар Швейцария, Финляндия, АҚШ, Нидерланды және Африка елдерінде жұмыс істеуде.

**– Әрі қарай не жоспар бар?**

– Калибрлеу жұмыстары аяқталған соң біздің топ қыркүйек айында құрылғының сынақтық топтамасын қолданысқа енгізу және дәрігерлерді дигитальды диагностиканың жаңа әдістерімен жұмыс істеуге үйрету мәселелерімен айналысады. Келесі кезеңде лицензия бойынша құрылғының еліміздегі өндірісін қолға алып, оның құнын қолжетімді етуді, сол арқылы неғұрлым көбірек отандастарымызды диагностикалауды жоспарлап отырмыз.




**Камила БАЛТАБАЙҚЫЗЫ,**
дәрігер:

## АҚПАРАТТЫҢ АҚ-ҚАРАСЫН АЖЫРАТА БІЛІҢІЗ

*Коронавирус инфекциясы кезінде, әрине, тазалық сақтау өте маңызды. Біріншіден, қолды күніне 5 рет жуу керек. Әсіресе, даладан келгенде алдымен қолды жақсылап сабынмен жуып, сосын құрамында спирті бар антисептикалық құрал пайдалану керек. Екіншіден, ауруға шалдыққан науқастардан алшақ жүрген абзал. Адам көп жиналатын орындарға бармай, дүкен, дәріханада арақашықтықты сақтаңыз. Масканы әр 3 сағат сайын жаңасына ауыстырыңыз. Үйді күніне екі рет желдетіңіз.*

*Тұмау белгілерін сезсеңіз, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге хабарласыңыз. Жеңіл түрде ауыра бастағанда учаскелік дәрігерге айтып, тиісті медициналық көмек алыңыз. Әр науқас өз жағдайының нашарлауына жол бермеуі керек. Ғаламторда небір емдік шаралар толып жатыр. Мұндай ақпаратқа алданып, адаспаңыздар дегім келеді. Не болса соны ішіп, қолдана бермеген жөн. Өзі қорқып, шошып отырған адамдарды одан сайын әлекке салып, адастырып отырғандар да бар. Сонымен қатар күні бойы сарымсақ жеу немесе оның суын ішу басқа ағзаларға кері әсер етуі мүмкін. Сол үшін барлық ем-шараларды тек учаскелік дәрігермен ақылдаса отырып жасау керек. Біз онлайн режимде жұмыс істеп, телефон арқылы науқастың жағдайын қадағалап отырамыз. Барлық науқастар тиісті емді кешенді түрде алу керек. Өйткені бұл вирусқа тікелей әсер ететін дәрі әлі жоқ. Аурумен күресте бүкіл әлем тек бекітілген алгоритмдерге сүйене отырып ем жүргізуде.*

*Ауру белгі берген бірінші күннен вирусқа қарсы дәрі-дәрмектер қолдану арқылы тез жазылып жатқан науқастар бар. Бірақ иіс, дәм сезбейтін жеңіл түрімен ауырғандар арасында да өкпесі қабынғандар бар. Сол үшін иіс, дәм сезбей ауырғандар рентгенге түсуі керек. Өкпеңіз таза болса жақсы, ал қабыну байқалса, оны медициналық жолмен емдету қажет. Ең бастысы, ағзаның ауруға өздігімен төтеп беруіне, ауруды жеңуіне көмектесу керек. Ол үшін шай, су, морс сынды сұйықтық пен майлы сорпаны көп мөлшерде ішу керек. Вирусты халық емі, өзін-өзі емдеу шараларымен жоя алмайсыз. Ондай жолмен емделемін деп жүріп уақытты текке өткізіп, ауруды өршітіп алмау жағын ойлаған абзал.*

*Аурумен күресте иммунитетті көтеру үшін қымыз ішу туралы айтылады. Әрине, қымыздың құрамында С дәрумені сиырдың сүтіне қарағанда 10 есе көп болады екен. Ол сонымен қатар қан аздық, әлсіздік ауруларына өте пайдалы. Шипалы сусын ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы әсер етеді, қан тамырын зиянды заттардан тазалайды, ағзадағы зат алмасу процесін, адамның физикалық жағдайын жақсартып, ас қорытуды реттейді, иммунитетті күшейтеді. Ал иммунитеті күшті адамның ағзасы әртүрлі вирустарға қарсы тұруға қабілетті болады. Сондай-ақ иммунитетті көтеру үшін етті молынан жеу керек. Қуырып жегеннен гөрі, асып, булап жеген пайдалы. Өзіңіз білесіз, етте ақуыз көп. Мына вирусқа қарсы күресте ақуызды көп пайдалануымыз керек. Сондай-ақ жеміс-жидекті молынан жеп, таза ауада көбірек серуендеңіз. Терең дем алып, тыныс алу жаттығуларын жасаған дұрыс.*

№87 (4056) 25 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Дәулет **АСАУОВ**

# КӨБЕЙТҰЗДЫҢ КІНӘСІ НЕ?

**Елордадан екі сағаттық қашықтықта, Ақмола облысының Ерейментау ауданында жатқан Көбейтұз көлі санаулы күндердің ішінде көпшіліктің жаппай демалатын, саяхаттап баратын мекеніне айналды. Жұрттың қызығушылығын тудырған – көлдің ерекше түсі. Көбейтұз араға бірнеше жыл салып қызғылт түске боялады. Ол көлде өсетін Dunaliella salina балдырының әсерінен болатын құбылыс көрінеді.**

Мұндай ерекше тұзды көл әлемде санаулы-ақ, ол сонысымен құнды. Бізден басқа Австралияда, Испанияда, сосын Сенегалда бар. Әсіресе, қазіргі індет өршіп тұрған заманда көлдің тұзы көптеген ауруға, соның ішінде атышулы тәжтажалға да ем деген дақпырт таралғалы халық Көбейтұзға толассыз ағылды. Көлге бір аунап, үсті-басын тұзбен сылауға асықты. Тіпті мамандардың көл тұзының індетке қарсы ешқандай қасиеті жоқ деген мәлімдемелеріне де ешкім құлақ аспады.

Шынтуайтында, Көбейтұздың суына шомыла алмайсыз. Көлдің суы тобықтан аспайды. Әйтсе де табиғаттың ерекше құбылысын тамашалаушыларда есеп жоқ. Адамдар тек көлді кешіп жүреді. Судың ішінде жатып, күнге денесін қыздырады. Біреулер көлдің түбіндегі балшықпен, тұзбен сыланады. Адамнан айла қалған ба, пысықайлар қызғылт көлдің тұзын қазып алып, оны саудалап, жаңаша бизнес жасауға кіріскен. Соның кесірінен қазылған орындар қарайып, ұсқыны кетіп, табиғатқа орасан зиян келтіруде. Эколог мамандар көлдің қазылған тұстары қайта қалыпқа келуі үшін 15 жыл керек деп дабыл қаға бастады. Енді біреулер Көбейтұзға жеке көліктерімен кісі тасып, осы кәсібін күнделікті күнкөрісіне айналдырған. Қалай болғанда да карантин уақытында жұмысынан айырылған, үйге қамалған көпшілік үшін Көбейтұз жан сергітер, тәнге қуат болар құтты мекенге айналғаны рас.

Адамның бәрі бірдей емес. Жұрттың бәрі мәдениетті демала алмайды. Көбейтұзға келгендердің арасында да осындай келеңсіздіктер көрініс тапқан. Соның кесірінен көл осыдан бір ай бұрынғы келбетінен айырылды, түбі қазылып, айналасы қоқысқа толды. Бұл мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмады.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚР Президенті:

*Азаматтардың табиғи демалыс орындарындағы жаппай мәдениетсіздігі тоқтамай тұр. Отандастарымыздың ерекше қызғылт түсті Көбейтұз көліне келтірілген орасан зор зиянға қатысты алаңдаушылығы орынды. Бұл жағымсыз әрекеттер өскелең ұрпаққа жүргізілетін экологиялық ағарту жұмыстарының түйткілдерін ашып берді. Білім, Экология, Ақпарат министрліктері бұл мәселені жұмыстарының басым бағыты ретінде қарастыруы керек*

Президент айтса айтқандай, адамдардың табиғатқа деген тасбауыр қылығы бір айдың ішінде ерекше көлді талқандап болды. Көлдің бетін айғыштаған көліктердің айқыш-ұйқыш іздері, қазылып алынған «емдік» тұз бен балшықтың үңірейген орны, жағалауда жағылған алаулардың күйігі, бейберекет шашылып жатқан тамақ пен ыдыс қалдықтары қалды. Әйтеуір, кейіннен еріктілер келіп, осы қоқыстарды жинап кеткеніне ғана шүкір дерсіз.

Бұған дейін Ақмола облыстық Табиғи ресурстар басқармасы Көбейтұзды рекреациялық мақсаттар үшін пайдалануға жекеге 49 жылға жалға беру туралы конкурс жариялаған еді. Рекреация дегеніміз – адамның ішкі жайкүйі мен жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге және жақсартуға бағытталған сауықтыру шараларының жиынтығы. Әдетте бұл санатқа шипажайлық-курорттық ем-дом, туризм, әуесқойлық спорт түрлері кіреді.

Алайда көл аймағының аяусыз зардап шегуі, табиғат жанашырларының наразылығы мәселенің қаншалықты ушығып кеткенін көрсетті. Облыстық басқарма Көбейтұзды жалға беру конкурсының тізімінен шығарды. Енді тек соның жанындағы Қоржынкөл ғана жалға берілетін болды. Сондай-ақ індет тұрақтағанға дейін қызғылт көлге баруға тыйым салынды. Көбейтұзға «мемлекеттің ерекше қорғалатын аймағы» мәртебесі берілді. Көлдің үш тұсынан тағантас күзеті қойылды. Олар су қоймасы аумағына келіп-кетушілерді бақылайды. Бұған қосымша, көл аумағын полиция жасағы торуылдайтын болды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар тағы бірқатар өзендерді уақытша жапты. Олардың қатарында Бурабай, Теңіз, Құрбет және Қоржынкөл де бар.

Ал Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құқық қорғау органдарына заңсыз тұз тасушылар мен көлді ластаушылардың үстінен арызданды. Жақында ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Алексей Калайчиди полиция қызғылт көлдің тұзын сатушыларды анықтағанын және айыптылар Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің бірнеше баптары бойынша жауапкершілікке тартылғанын жеткізді.

Алайда айыппұл мөлшері қаскөйлердің экологияға келтірілген зор зардаптармен сәйкеспейді, тым мардымсыздығын айтады. Сол себепті бүгінде Экология министрлігінде жаңа кодекс әзірленіп жатқан көрінеді, онда айыппұл көлемін ұлғайту және табиғатқа келтірілген зардаптың ауырлығына қарай тіпті қылмыстық жаза да қарастырылған. Аталған өзгерту алдағы күзде Мәжіліске түсетін болды.

Бірер күн бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің кездесуінде министр экологиялық мәселелерді шешу бойынша екі ұсынысын айтты. Біріншісі – мектептерде оқу бағдарламасына экологиялық білім беру пәнін енгізу, екіншісі – табиғатқа зардап келтірушілерге кесілетін жазаны күшейту, оның ішінде айыппұл мөлшерін ұлғайту да бар.

Одан басқа, табиғат жанашырларынан, ел азаматтарынан да көптеген ұсыныстарды естіп жатырмыз. Олардың ішінде көлдерді ерекше бақылауға алу, су қоймасын пайдаланудың қатаң ережесін енгізу, жағалауда от жағуға тыйым салу, ал ол үшін арнайы орындар белгілеу, т. б. ұсыныстары бар.

Ғылым мен техника дами түскен сайын қоршаған ортаға зиян келтіретін факторлар да көбейе береді. Оған адамдардың экологияға деген тасбауырлығы мен немқұрайлығы қосылса, оның салдары зор өкіністерге ұрындыратыны сөзсіз.

# САНАМЫЗДЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТАЙЫҚ!

**«Тазалық мәселесін ұлттық құндылықтар қатарына шығару керек! Мемлекеттік тұрғыдан шұғыл түрде тазалықты сақтау, бақылау, реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттігі білініп отыр. Үкімет басшысы Асқар Маминнен осы мәселені қарап, Үкіметтің тиісті құрылымдары арқылы өз құзыреттері шеңберінде іс-шаралар кешенін жедел қабылдауды сұраймыз» деп Нұртөре Жүсіп және бір топ сенатор сауал жолдады.**

Қазақстанда көрікті жер көп. Арқадан – Атырауға, Алатаудан – Ақтауға, Аралдан Алтайға дейін кең жазира жеріміз бар. «Жер шоқтығы» атанған келісті Көкшетау, ұлылығын жақпар тасқа жасырған Ұлытау, қазыналы Қаратау, айбарлы Алатау, басына бұлт қонған Мұзтау... «Жер жәннаты» – Жетісу... Толып жатыр. «Бурабайдың» бір өзі – Швейцариядан несі кем? Осы «Бурабайдың» жалпыұлттық курорт атанғанына биыл 100 жыл толады. Бұл – ерекше қорғауға жататын табиғи аймақ. Ал осы Бурабайға барғанда біз не көреміз? Қаптаған қоқыс... Шашылған заттар... Пластикалық бөтелке, умаждалған пакеттер... Көлдің суы лас... Қандай керемет демалыс аймағы! Қадірін неге білмейміз? Мусордан аяқ алып жүре алмайтын жағдайға жеттік. Бурабайда демалушылар тастаған тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар туралы әлеуметтік желіде таралған бейнеролик – соның дәлелі. Бұл қалай?

Жалпы, тек қана Бурабай емес, Қазақстанның кез келген өңіріне барсаңыз – не көп, қоқыс көп. Тастайтын да өзіміз, ластайтын да өзіміз! Бұл неден? Туған табиғатымызды аялап күте алмайтындай басымызға не күн туды?

Соншама ластайтындай, осыншама қорлайтындай туған жеріміздің не жазығы бар? Жер – біздікі! Ел – біздікі! Қазақстанға шетелден алғаш оралған ақсақал ұшақтан түсе салып, туған жерді сүйгені естеріңізде бар ма? Туған жерге деген осындай іңкәрлік неге жоқ бізде? Жапонияда дені сау, ұлтын сүйетін, ұлттық құндылықтарын қадірлейтін, мемлекетін қастерлейтін қоғам өкілін тәрбиелеп шығаруға бала жастан мән береді екен. Табиғатты жаны сүйетін азамат етіп тәрбиелеу басты мақсат екен! Қазақ халқы – осы мемлекеттің иесі. Біз бәріне жауапты ұлтпыз.

Ұлттық санамызды өзгертейік! Табиғатты таза ұстау үшін жанымызды таза ұстайық! Жаппай тазалық мәдениетін қалыптастырайық! Даламыз да, қаламыз да таза болсын! Көрнекті ақын Жұмекен Нәжімеденовтің бір өлеңі бар:

*О! Туған жер шүкірсің!*
*Топырағыңа киелі!*
*Бір есуас түкірсе –*
*Ол бетіме тиеді!*

Біз есуас ел емеспіз ғой!

Туған жерімізді анамыздай ардақтау өзімізге байланысты! Ұлттық намысымыз қайда? Қазақтың атына да, затына да кір келтірмеу жағын неге ойламаймыз?

Халықаралық тұрғыда Канаданың тәжірибесін басшылыққа алу керек. Қазақстанның ауасы, суы, жері, флорасы мен фаунасы тікелей мемлекет қамқорлығында болуы тиіс. Канада экономикасының бәсекеге қабілетті болуы – ең алдымен, табиғи ресурстарды – жерді, жер қойнауын, орманды, суды, даланы – барынша тиімді пайдалану арқылы жүзеге асып отыр. Әсіресе, экологиялық стандартты қатаң сақтайды. Ірі компанияларда Экологиялық дағды кодексі енгізілген. Үкіметтік емес экологиялық ұйымдар көп. Халыққа экологиялық білім беруге баса мән беріледі. Соның арқасында қоршаған ортаны қорғаудың сапалық стандарты жасалған.

Олар керемет табиғат байлығын келешек ұрпақ еншісіне қалдырудың барлық амалдарын қарастырған.



# ОНЛАЙН ҚҰРБАНДЫҚ ҚАЛАЙ ШАЛЫНАДЫ?

**Биыл еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты құрбан айт намазы оқылмайды. Құрбандық та онлайн шалынады. Бұл туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтты.**

Қалиакбар
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Жамағаттың құрбандыққа онлайн тапсырыс беруіне қолайлылық жасау үшін 24 шілде күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Qurban2020.kz сайтын іске қосты. Қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсететін жаңа сайттың көмегімен ел тұрғындары онлайн түрде құрбандық малын таңдап, төлем жасап, қаласа шалған малының фото және бейне есебін сұрата алады. «Сайт ашылған күннен бастап 24 сағат бойы жұмыс істейді. Тапсырыс 31 шілдеге дейін қабылданады. Онлайн құрбандық шалу бірқатар мұсылман мемлекеттерінде әдетке айналған. Бұл – пайда табу емес, халықтың құрбан шалуына қолайлы мүмкіндік жасау. Бұл жоба келесі жылы да өз жалғасын табады деген үміттеміз» деді бас мүфти.



Демек, биыл тұрғындардың індет жұқтыруының алдын алу үшін ешқайда бармай, ешкіммен байланысқа түспей қашықтан өтінім беруіне мүмкіндік жасалды. Сайттан құрбандықты (қой, сиыр, түйе, ешкі) белгілеп, бағасын таңдап, ақшасын төлесе болғаны, тапсырыс берушінің телефонына тапсырыстың қабылданғаны жөнінде хабар жіберіледі.

Баспасөз мәслихатында құрбандық шалудың нақты ережелеріне тоқталған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы төрағасының орынбасары, ҚМДБ наиб имамы Ершат Оңғаров бір ірі қараны бір немесе жеті адам бірігіп шалуына болатынын, ал қой мен ешкіні бірлесіп шалуға болмайтынын жеткізді. «Карантин жағдайына байланысты құрбандық малының үштен бір бөлігі құрбандық шалған адамға берілмейді, мұқтаж жандарға ғана таратылады. Мұқтаж жандар да Qurban2020.kz сайты арқылы құрбандықтың етіне тапсырыс бере алады» деп түсіндірді ол.

Құрбандықтың құнына да тоқталған басқарма басшылары мал бағасының әр өңірде әрқалай екенін айтып, тоқтының (алты айдан асқан тоқтылар құрбандыққа жарамайды) бағасы – 40 мың, ал үлкен қойлардың бағасы 50 мың теңгеден жоғары екенін жеткізді.




# ДІНИ АҚПАРАТ АЛҒАНДА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

**Қазір ақпарат ағыны көп. Білгің келген нәрсенің жауабын ғаламтордан тез әрі оңай табуға болады. Түрлі желілердің арасында адамға пайдасымен қоса, зиянын тигізетін ақпараттар жетерлік. Соның бірі – діннің атын жамылған деструктивті діни ағымдардың идеологиясын құрайтын ақпарат көздері.**

Бұл мақалада ғаламторды мүлдем пайдалануға болмайды деуден аулақпыз. Тек миллиондаған қайнар көздер арасынан дұрыс таңдау жасай алмай шалыс басудан сақтануға шақырамыз.

Ғаламторда діни ақпарат іздеген адамға мыңдаған дерек көзінің шығатыны белгілі. Осы ақпараттардың қайсысы қаншалықты дұрыс, қайсысы қаншалықты бұрыс екенін көп адамдар аңғара бермейді. Соның салдарынан кей адамдардың санасында күмәнді ойлар қалыптасып та жатады. Өйткені деструктивті теріс бағыттағы діни ұйымдар ғаламтор арқылы өз идеологияларын таратып, жақтастарының санын арттыруды қалайды.

Мәселен, «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа мен ғаламторлық технологиялық қосымшаларды пайдалану арқылы шетелден келіп қосылатын жауынгерлерінің санын көбейтті. Сирия Араб Республикасы аймағында құрылған «ДАИШ» ұйымына әлем бойынша қосылушылардың 80 пайыздан астамы – ғаламтор арқылы арбалғандар.

Радикалды діни ұйымдардың коммуникациялық стратегиясы кең аудиторияға бағытталған трансұлттық сипатқа ие және интернетті қолдануға негізделген. Ғаламтор арқылы таратылатын радикалдық бағыттағы діни идеологиялардың көздейтін мақсаты – халыққа белгілі бір сенімдерді ұялату және өз ұйымдарына мүмкіндігінше көп пікірлес адамдарды тарту. Қазіргі ақпараттық қоғамда жымысқы ұйымдар үшін әлеуметтік желілер арқылы насихат жұмысын жүргізу тиімді болып отыр.

Ғаламтор террористік және экстремистік әрекеттерді насихаттауда өте тиімді құрал болып тұр. Деструктивті діни бағыттағы идеологиялар үшін ғаламтор арқылы ақпарат таратудың тиімділігі мынада:



– кең аудиторияға қол жеткізу мүмкіндігі;
– ақпаратты анонимді орналастыру;
– материалдарды таратудың жоғары жылдамдығы;
– ешқандай қаржылық шығынсыз үгіт-насихат интернет-ресурстарын құру мүмкіндігі.

Көп жағдайда деструктивті бағыттағы діни ұйымдар интернет-ресурстарында орналастырылған өз идеологияларын шетелден жүргізіп басқарады. Сонымен қоса, олардың ақпараттық көздері көбінесе халықаралық домендік атауларға ие болады. Атап айтқанда: «.com», «.org» және «.info».

Аталған ұйымдар идеологияны тарату мақсатында танымал «В Контакте», «Одноклассники», «Twitter», «YouTube», «Facebook» және «Instagram» желілерін көп қолданады. Сонымен қатар, осы аталған желілер арқылы өз идеологияларын қамтыған фотоларды, видеоларды, аудиоларды және электронды кітаптарды репосттаумен (бөлісу) таратып отырады.

Ғаламтор арқылы деструктивті ақпаратты алудың салдары мыналарға әкелуі мүмкін:
1) әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни сипаттағы өшпенділік пен дұшпандық;
2) соғысқа шақыру;
3) жеккөрушілікті, дұшпандықты және үстемдікті насихаттау;
4) адамның ар-намысына, атына және беделіне қол сұғу;
5) сананы психологиялық улануға душар ету.

Айта кету керек, ғаламтор арқылы болған діни экстремистік көріністер көбінесе жастар арасында жиі кездеседі. Жастардың психологиясы мен иммунитеті қарсылықты тұрғыда әлсіз келеді.

Көптеген жастар уағыздаушыларға жалған діни догматтар мен жаңа ғибадат ету идеяларын жазатын «tabularasa» (таза тақта) санатында болады. Мәселен, 2016 жылы Ақтөбе қаласында жастардан құралған діни экстремистер тарапынан лаңкестік әрекеттің жасалуына себеп болған факторлардың бірі – ғаламтор арқылы шетелдік «псевдоуағызшының» елге қару көтеру туралы берген жалған пәтуасы болатын. Сондай-ақ, сол лаңкестік әрекетке қатысқан экстремистің бірі Асхат Рахметовтің оқиғадан кейінгі сұхбатында «Мен діни білімді тек қана виртуалды желіден алдым. «YouTube» желісінде көптеген шейхтердің уағыздарын тыңдаған кезде шынымен де олар рас айтып отыр ма, әлде жоқ па деп бір сәт те ойланған жоқпын... Кешір мені, анашым!» деп өкінеді. Міне, осындай сынды жағдаяттар ғаламтордағы арбаушы вирустардан сақтану маңыздылыққа ие екенін көрсетеді.

Елімізде күмәнді бағыттағы діни ақпараттарды тарататын сайттарға әрдайым талдау жасалып, қажеттілігіне байланысты сақтандыру мақсатында бұғаттау жұмыстары да жасалып отырады. Мәселен, құқыққа қарсы келу жағдайын анықтау бойынша интернет-ресурстарына жүргізілген талдау жұмыстары нәтижесінде 2018 жылы 8,3 мыңнан астам интернет-ресурстардың мазмұнына талдау жасалынып, 2,2 мыңнан астам құқыққа қайшы ақпарат көздері анықталған. Ал 2019 жылы 5,3 мыңнан астам талдау жүргізіліп, 2,3 мыңнан астам құқыққа қайшы келетін мәліметтер анықталған. Соған қарамастан, деструктивті бағыттағы идеологиялық топтар өз насихаттарын жалғастыруға тырысуда.

Қорыта келе, діни тақырыптардағы ақпараттарды ғаламтор арқылы алуда аса сақтық танытқан жөн. Сондай-ақ, қазіргі кезде Қазақстанда діни бағыттағы оң ақпараттарды қалыптастыратын ресми сайттар да бар. Солардың бастысы – Kazislam.kz, Muftyat.kz, Fatua.kz, Azan.kz, Mazhab.kz, Ummet.kz және басқа да өңірлердегі орталық мешіттердің ресми сайттары. Сондай-ақ, Mitropolia.kz, Catholic-kazakhstan.org және өзге де діни бірлестіктердің ресми сайттары.

Сонымен қоса, деструктивті, радикалды діни ағымдардың алдын алу бойынша ақпараттық-танымдық бағытында әр өңірде жұмыс жасап тұрған дін мәселелерін зерттеу орталықтарының сайттарынан мәліметтер алуға болады. Мәселен, Cipr.kz, Ansar-aktobe.kz, Atr-ato.kz және т. б.

Жоғарыда аталған ресми сайттардан туындаған діни мәселелерге қатысты сауалдар жолдау арқылы сұрақтарға жауаптар алуға мүмкіншілік бар. Электронды мүмкіндік – заманауи ақпарат берудің қайнар көзі. Солардың ішінде дұрыс таңдау жасай алу қауіпсіздігінің кепілі болмақ. Ақпараттық кеңістікте діни мәліметтерді байыбына бармай алудан сақтануға шақырамыз.

**Жандәулет СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**теолог**

**«Астана хабары» газетінің осы жылы кеңінен насихаттаған оқылымды дүниелерінің дені еліміздің мәдени мұрасы, құндылықтары мен Алаш тарихына қатысты болып, көптеп орын берген. Оның да үлкен себебі бар. Осы жылы астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында үш жылға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің қорытынды отырысы өтті. Жиынға қатысқан Елбасы 2007-2009 жылдарға арналған салалық бағдарлама жасап, жүзеге асыруды тапсырды. Газет тілшілері ел тарихындағы, ұлттық тағдырымызда айрықша орын алатын әлеуметтік жобаның ел рухының көтеріліп, ұлт жадының жаңғыруына септігін тигізетін құбылыстардың біріне айналғанын айтып жазды.**









### ЕЛОРДА ТАРИХЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

«Астана тарихын Ақмола бекінісінің салынуымен есептеу қате. Одан да ілгері замандарда бұл өңірде шағын қалалар болған, диханшылық дамыған. Алғаш Қазақ хандығы құрылған XV ғасырларда осы өлкенің әкімшілік билігі туралы Есіл өңірі Сібір аймағының оңтүстік бөлігі ретінде орыстың жылнамаларында жазылған. Кейін Алтын орда мемлекеті құлағаннан кейін бұл жерлер Түмен (Тюмень) хандығының құрамына енген. Сібір хандығының астанасы Шыңғыс Тұра қазіргі Тюмень қаласы болатын. 1429-1445 жылдары Шыңғыс Тұра қаласын Әбілхайыр хан астана етіп, соңынан Сығанақ қаласына көшірген. 1563 жылдары Сібір хандығының билігі Жәдігердің қолына өтті, одан соң 1569 жылы Көшім хан отырды» деп тарқатады әуесқой зерттеуші, қаланың байырғы тұрғыны, статистика саласының қызметкері Жеңіс Кәрібаев.

### АСТАНАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕКТЕБІ

Қаламыз астана мәртебесіне ие болғанға дейін осында жалғыз қазақ мектебі болды. Ол – бүгінгі Жамбыл Жабаев атындағы №4 қазақ мектеп-гимназиясы. Бұл мектептің құрылғанына 2007 жылда бір ғасыр толыпты. Осында Сәкен Сейфуллин сабақ берген, інісі Мәжит оқыған. Мектеп 1907 жылы қалалық мешіттің жанынан ашылып, медресе қызметін атқарыпты. Осында діни дәріспен бірге араб тілін үйретіпті. 1909 жылы Қазан қаласынан оқу бітірген Ғалымжан Құрмашев деген ұстаз келіп мектеп бағдарламасына жаңадан арифметика, жаратылыстану, ана тілі пәндерін енгізген. 1911 жылы қала халқы ортасынан қаржы шығарып, ағаштан арнайы мектеп үйін тұрғызыпты. Осы ғимарат әлі күнге дейін бұзылмай сақталып тұр. Қазіргі Отырар көшесінің бойында орналасқан ескі ағаш үй – осы ескі мектеп. 1918 жылы Ақмола қаласын Колчактың әскері басып алғанда мектеп ғимаратын госпитальға айналдырып, үстел мен парталарды отқа жағып жіберген көрінеді. Мектеп ұстазы Ғалымжан Құрмашевті ақтар қамауға алыпты. Ұстазды жергілікті халық арызданып жүріп, абақтыдан босатып алған екен. Кешікпей 1919 жылдың күзінде Ақмолада Кеңес өкіметі орнап, мектеп жұмысын жандандырып, 1939 жылдарға дейін басқарған. Мектеп жанына ауыл мектептері үшін мұғалімдер дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашқан. 1930 жылы жеті жылдық білім беретін орта оқу орнына айналады. 1940 жылы мектепке Жамбыл Жабаевтың есімі беріліпті. 1983-84 жылдары мектепке жабылып қалу қаупі төнген. Себебі қазақ мектебінде оқитын бала саны азайған. Осындай алмағайып, қиын күндері мектеп ұстаздары мен ұлтжанды азаматтар үй-үйді аралап жүріп оқушылар жинап, мектепті жабылудан аман алып қалыпты.

### ШОРТАНБАЙ, ДУЛАТ ПЕНЕН МҰРАТ АҚЫН

«Астананың үш көшесі осы ұлы тұлғаларымыздың атымен аталса екен, тіпті мектептердің атын берсек те артық емес. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы және Мұрат Мөңкеұлы есімдерін білмейтіндер де бар. Оларға өкпелеудің жөні жоқ. Олар шыңыраудан шыққан Шортанбай түгіл, рухани әлемімізде асқақтап тұрған Абайды да жөндеп танымайды. Жұрттың жоғарыда аталған атақты үш ақынды мүлде білмеген кезі болған. Ол тұста бұларды білгеннен гөрі білмеген әлдеқайда тиімді еді. Енді бүгін мақалаларымызда тықпалаймыз. Бірақ әлі жеткілікті дәрежеде құрметтей алмай жатырмыз. Қаламызда неше түрлі кездейсоқ кісілердің атын иеленген көшелер әлі бар. Айтсаң аузыдың жібі шешіліп кетеді. Аузыдың жібі шешілген соң бітті. Көшелі кісілерден көшені аяймыз ба? Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы және Мұрат Мөңкеұлы – үшеуі қазақ әдебиетінің ұлы ақындары, руханият әлемінің теңдесі жоқ тұлғалары емес пе?!» деп жазады сол кездің оқырмандары.

### «ТОБЫЛ ОЙШЫЛЫ» НЕГЕ РЕСЕЙ МҰРАСЫ БОЛЫП ЖҮР?

Бұл ерте туып, кеш қалған не жаңалық? Айтайық! Бұл – «Тобыл ойшылы». Жанды емес, тастан жасалған адамның бейнесі. Жалпы тұрқы 20 см-ден сәл асатын, салмағы 4 кило тас мүсін. Жасалған уақыты – атам заман, яки біздің дәуірімізге дейінгі 3000-4000 жыл бұрын. 1877 жылы Қостанайға таяу «Мичурин» кеңшарының В.Елесеев деген механизаторы Тобылдың оң жағасында жер жыртып жүріп осы баға жетпес мұраның үстінен шыққан ғой. Аршып тазалап қарағанда, жай тас емес – нобайы келіскен, екі қолын алдыңғы екі аяғының үстіне қойып, жоғарыға тесіле қараған, маңдайы шығыңқы, мұрны қоңқақ, иегі елеулі, ерні жұқалау, аузы жабулы, көзі ашық адамның мүсіні болып шыққан. Ол мүсіннің түпұсқасы, Қазақстанның бағына қарай, басқа жаққа әкетілмей, елде қалған. Қазір Қостанайдың облыстық музейінде тұр.

Ал енді өкінішті жеріне келейік. Осы тас мүсіннің Қостанай музейіне қойылуына себепші болған челябілік археолог-ғалым Г.Зданович бүгінде нарықтық деңгейде пысықтық танытып, өзі тұрған қаладан «Тобыл ойшылының» тура кейпіндегі кәдесый шығаруды жолға қойып алған. Сондай-ақ мұны Арқайымның мұрасы дегеннен жазбай келеді. Қостанай облыстық музейінің басшылығы: «Здановичтің бұл әрекеті дұрыс емес. Ол ғылымның нағыз жолында жүрсе, жарнама мен сувенирге иек артар ма еді? Бізден көшірмесін алғанда, осылай жасаймын деген жоқ, ғылымыма керек деді. Бірақ жағдай басқаша болып шықты» дейді.

### ҚАРА ШАҢЫРАҒЫН АТАМЕКЕНГЕ ӘКЕЛГЕН

Базылхан Бұхатұлы – алтай, түркі, моңғолтану ғылымна зор үлес қосқан ғалым. 1965 жылдан бастап Моңғолияның жоғары оқу орындарында 30 жыл үзбей дәріс оқыды. «Астана хабары» газетінің тілшісі Бекен Қайратұлымен болған сұхбаттан қысқаша үзінді.

*– Моңғолия академиясы сізді не себептен босатты?*

*– Кеткен себебім, қыспақ көрсетіп болмады. Алдында моңғол-қазақ түбір сөздерінің 40 мың сөзден тұратын сөздігін жасаған едім. Осындағы түбір сөздер бірдей келіп тұр. Моңғол тілінің түп төркіні қазақ тілі құрамынан шыққан деген ой түйдім. Әрі онымды ашық айта бастадым. Содан моңғолдар жақтырмады.*

*– Ақыры ақиқат іздеп Алматыға кетпедіңіз бе?*

*– Алматыға келдім, Ісмет Кеңесбаев деген тілші-ғалымға келіп жағдайымды айттым. Ол кісі «Саған шақыру қағазын берейік, барлық жұмысыңды алып үш айға іссапарға кел» деді. Сөйтіп жүргенде Қазақстанға ел көше бастады. Мен де көштен қалмайын, кетейін деп ойладым. Тура сол тұста Моңғолияның жолаушылар тасымалдайтын әуе компаниясы «Боинг» ұшағын сатып алды. Менің бір балам сол компанияда жұмыс істейтін. Соған айттым: «Сен бастықтарыңа айтсаңшы, сатып алған ұшақтарын Орта Азияға, соның ішінде Қазақстанға ұшырсын». Ондағы ойым алда-жалда Алматыға ұшатын боп жатса, қатын-баламды отырғызып, жетіп алмақпын ғой. Құдай сәтін салып, әлгі «Боинг» алғашқы сапарын Алматыдан бастайтын болғаны. Бір көлік жалдап алдым да бала-шағаны ертіп алып, онымен қоймай, сегіз қанат киіз үйімді – шаңырақ, кереге, уық, үзік, туырлық, диаметрі 8 метр еден тақтайымен қоса бәрін тиеп алып, Алматыға топ ете қалдым.*

*– 6-7 метр уық ұшаққа қайтып сыйды?*

*– Ойбой, ұшақтың іші кең сарай екен ғой. Бір жақ бұрышына сыйды да кетті. Үйдің киіздерін бүктеп-бүктеп ортасына үйіп қойдық. Осылай қарағым, мен қасиетті қазақтың қара шаңырағын атамекенге әкелген адаммын.*

### ГЕНЕРАЛ КОРНИЛОВ КІМ?

Әйгілі жазушы Алексей Толстойдың «Азапты сапар» трилогиясында Корниловтың контрреволюциялық әрекеттері туралы әдемі баяндалады. Әдебиет әлемінен ойып алар орны бар осынау кесек туындының кейбір тұстарында Лавр Георгиевичтің қалмақ пішіндес бет-бейнесі жөнінде айтылады. Сөйтсек... Иә, орыс тарихындағы бұл орасан тұлға қазаққа бөтен болмай шықты. Жат жұрттық «жаман» қызымыздан туған жиеніміз екен. Ең сүйсінерлігі сол, суретіне қарасаң қыр жайлап, қиыр қонған қиық көзді нағашыларының аузынан түскендей. Аумаған азиат. Екі тілді тел емген Лавр жастайынан нағашы жұртын жағалады. Омбыдағы кадет корпусын бітіреді. Отыз жасында қазақшамен қатар, парсы, татар, түрікмен, ағылшын, француз және неміс тілдерінде еркін сөйлейтін жағдайға жетті. Осының арқасында ол кәсіби барлаушыға айналып, шекара сыртына сапар шегетін. Атап айтқанда, Персияға, Үндістанға және Қытайға жасырын барып қайтты. Бұл кезде Азияға ықпал аяғын кеңейту үшін Ресей мен Англия арасында бәсеке жүріп жатқан болатын. Шашын тықырлата алдырып, үстіне өзбектің ала шапанын киген барлаушы Ауғанстан асып, Қашқарияны аралады. 1904 жылы Л.Корнилов Түркістандағы әскери қызметін аяқтап, Санкт-Петербургке Бас штабқа ауысады. Одан кейінгі соғыс пен төңкеріс өрті шарпыған, ақ қашып, қызыл қуған кезеңдегі тағдырына тоқталмайын. Корнилов дәл қасына түсіп, жарылған зеңбіректің оғынан қапияда қаза табады. Сұмдық мұнымен бітпейді, қызылдар марқұмның мүрдесін қазып алып, әбден қорлауға салады. Ақырында айдалаға апарып, сау-тамтығы қалмаған жансыз денені көзі қанталаған коммунистер отқа жағып жібереді.





### АРБА АЙДАҒАН АҒАЙЫН

Бесіктен белі шықпастан қабырғасы қайысып, қара жұмысқа жегілген қазақ баласын көргенде «әлі талай уақыт тағдырыңды тәшкемен тоғыстырасың ба?» деген сұрақ туады көкейде.

Арбакештерді «тәрбиелеп» жатқан мекен – қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдар. Бұл да ащы болса айтатын шындық. «Ауруын жасырған қашанда ажалынан бұрын өлмей ме, қалаға келген қазақ ауылының қара домалақтары қара базарда қара жұмысқа жалданудан әрі аса алмай жүр.

Кезінде шөл-шөлейтті шалғайға мал бағуға тықсырылған қазақ ауылдары көнтері көнбіс тірлікке әбден мойынсұнып алған тәрізді. Сол шақтардағы салқын саясаттың суығынан жабысқан дерт бүгінге дейін опық жегізіп отырғаны жасырын емес. Ауылдық жерлерде кәсіптік-техникалық училищенің ашылмауы, мектептерде «еңбекке баулу» деген пәннің жеткілікті дәрежеде оқытылмауы қайыс керіп, қамшы өріп өскен қазақ баласының мүмкіндігін шектегені рас. Бұл мәселелерді шешуді жеделдетпесе, қоғам қажетіне сай кадрларды даярлау ісін мықтап қолға алмаса, арба итерген қазақтардың әлі талайын көретін боламыз» дейді Еркебұлан Ерғалиев.



Дайындаған
Айгүл УАЙСОВА

# ӘРІПТЕСТЕРІМНІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫН КӨРДІМ

**Журналистикадағы ең алғашқы қадамым «Астана ақшамы» газетінде басталғаны мен үшін үлкен олжа болды. «Жазуға бейімің бар» деп үміт сыйлаған, туған атамдай болып кеткен белгілі ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай мен әкем, жазушы Талғат Кеңесбаев бірауыздан «мықты журналист болсаң, газеттен баста» деп «Ақшамға» жол сілтеді.**

Қызықтысы, өзім ойлағандай жазуым бірден жұп-жұмыр, тап-түйнақтай болып шыға келмеді. О бастан бетімнен қақпай, өз тәжірибелерімен оп-оңай бөлісуге дайын тұратын кәсіби журналистердің қамқорлығы мені таңдандырды. Уақыт өте келе әріптестеріммен туғанымдай араласып, сыйластығымыз одан әрі күшейе түсті. Сенімді достарды да сол ортада жолықтырдым.

Редакцияда менің маман ретінде қалыптасуыма үлесін қосқан адамдар өте көп болды. Аяған Сандыбай, Талғат Батырхан, Мақсот Ізімұлы, Ғалым Қожабеков, Еркін Қыдыр, Қайсар Жұмабайұлы – газетте қызмет еткен үш жылымның жемісті болуы, қиын әрі қызықты өтуі – осы басшылардың қойған талабы мен берген бағытының арқасы.

Өз тақырыбын өндіріп жазатын «ақшамдықтар» – қазақ журналистикасының бүгіні мен ертеңі үшін тер төгіп жатқан жандар. Ал жазуларымызды бір қабат тексеріп шығатын корректорлар, бетті әрлеп, газетті қаттайтын дизайнерлер, түсірген суретімен кез келген тақырыпты ашатын фототілшіміз – бір төбе. Күнделікті еңбегімен елордамыздың тарихын түгендеп, еңсесін тіктеуге атсалысатын, қазақ қоғамының өзекті мәселелерін қаузап жүрген журналистердің еңбегі лайықты деңгейде еленсе екен деймін. Дәл қазіргідей фейк жаңалықтар жайлаған заманда халыққа тексерілген, фактіге негізделген ақпаратты жеткізу үшін әркімнің қолшоқпарына айналып, мүддесіне жұмыс істеп жатқан кей бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен арылу үшін нағыз журналистикамен айналысудың ең ұтымды сәті туып тұр. Сондықтан қазақша сапалы контент жасайтын бірден-бір басылымның ғұмыры өміршең болғанын қалаймын. Газетті жарыққа шығарып отырған барша әріптестеріме алғысымды білдіре отырып, осы сәтті қалт жібермеңіздер дегім келеді. Мен қазақ журналистикасының болашағына сенемін.



Басылым ардагері Ғалым Қожабеков ағамыздың газетке жұмысқа орналасып жатқанымда айтқан сөздері есімде. «Бұл – сенің алғашқы баспалдағың, егер мұнан да биікке шығамын десең, біз әрқашан қолдауға дайынбыз» деді. Айтқаны айдай келді, қазір АҚШ-тағы Нью-Йорк университетінде магистратурамды бастағалы жатырмын. Сүйікті редакциямның жан-жақты қолдауымен «Болашақ» бағдарламасы аясында білімімді жетілдіруге мүмкіндік алдым.

Редакцияға мақалаларын арқалап, ойын білдіріп келетін, телефон шалатын, әлеуметтік желіде пікірімен бөлісетін барша оқырманға алғыс білдіремін. Қымбатты оқырман, 30 жыл бойы үздіксіз жарыққа шыққан газеттің өміршең болуы, қоғамға барынша пайдалы болуы Сізге де байланысты. Біздің төл газетімізді қолдап, жазылып, сын-пікір білдіріп отыруыңызды өтінемін. Сіздер барда «Астана ақшамы» көркейе түспек!

*Гүлдана ТАЛҒАТҚЫЗЫ, журналист*

# ДҮЙСЕНБІ

## 27 ШІЛДЕ

5.58, 04.20 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.40 М/х «Питер Пэн».
7.10 Т/х «Томпақ».
8.05 К/ф «Ва-банк».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.25 «Ауылдастар».
13.30 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.15 Т/х «Өмірдің өзі...».
17.15 «Қызық екен...».
19.00 Т/х «Келін әні».
20.00, 01.00 AQPARAT.
20.30 «Теледәрігер».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «47 баланың анасы».
03.00 «100 jana esim».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 7.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Біздің назарда».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.00 «Covid-19».
10.30, 17.00 Т/х «Разия».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
15.15 Т/с «Шерлок».
18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Біздің назарда».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
23.20 Т/с «Кенебек».
01.00 Т/х «Бәсеке».

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 Vine Time.
14.25 М/ф «Буба.
14.55 «Улыбка пересмешника», т/с.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
00.30 «Таңдауым сен», т/х.
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қария», т/х.
6.45 «Ұшпалақ».
7.10 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «Мужское/Женское».
11.55 К/ф «9 дней и одно утро».
13.50 Т/с «Дикий-4».
15.40 «На самом деле».
16.45 «Пусть говорят».
18.00 «Басты жаңалықтар».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «Солнечный ноябрь».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/с «Солнечный ноябрь».
00.20 Т/с «Андреевский флаг».
02.20 «П@УТINA».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК web».
7.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.00 К/ф «Лидия».
11.20 К/ф «Счастливая жизнь Ксении».
15.30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
02.40 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.40 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 «Битва экстрасенсов».
12.35 К/ф «Последний рубеж».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 «Последние 24 часа».
19.00 Т/с «Вижу-знаю».
20.00 Информбюро.
21.15 Т/с «ЗНАХАРЬ».
23.30 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.40 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.30 «Гу-гулет».
7.20 «Келесі кім?»
8.00 «Айнаонлайн»
9.00 Т/с «Последний ход королевы».
13.00 К/ф «Класстастар».
14.40 «Тәуелсіздік – тірегім» концерт.
16.30 Т/с «Горничная».
17.40 Т/с «Охотник за головами».
18.40 Т/с «Поездка за счастьем».
19.45 Т/с «Гранд»
20.15 Т/х «Жалдамалы қалыңдық».
21.15 Т/х «Тақиясыз періште».
22.15, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
23.15 Т/с «Замужем за мафией».
00.20 Т/с «Слуга народа».
01.20 «Чудо»
02.00 М/с «Бак»
02.15 Т/с «TELEPORT-2».
04.30 «Өз ойым».

6.00 «Қыздар арасында».
7.00, 05.30 «Гу-гулет».
7.20 «Келесі кім?»
8.00 «Айнаонлайн»
9.00 Т/с «Последний ход королевы».
13.00 К/ф «Класстастар».
14.40 «Тәуелсіздік – тірегім» концерт.
16.30 Т/с «Горничная».
17.40 Т/с «Охотник за головами».
18.40 Т/с «Поездка за счастьем».
19.45 Т/с «Гранд»
20.15 Т/х «Жалдамалы қалыңдық».
21.15 Т/х «Тақиясыз періште».
22.15, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
23.15 Т/с «Замужем за мафией».
00.20 Т/с «Слуга народа».
01.20 «Чудо»
02.00 М/с «Бак»
02.15 Т/с «TELEPORT-2».
04.30 «Өз ойым».

# СЕЙСЕНБІ

## 28 ШІЛДЕ

6.00, 04.20 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.40, 20.00 AQPARAT.
7.10 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
11.00, 19.00 Т/х «Келін әні».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.55 «Арнайы репортаж: Covid-19. Емдеу протоколы».
13.25, 02.45 «100 jana esim».
13.40 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.15 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «Жолайрық».
02.20 «Азамат», д/ф.
03.20 «Ауылдастар».
03.50 «24 sagat tabigat qushagynda»

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 7.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20 «Біздің назарда».
8.50 «Covid-19».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.40, 18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
10.30, 17.00 Т/х «Разия».
11.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
13.00, 23.45 Т/х «Анашым, мені қалдырма».
15.15, 23.20 Т/с «Кенебек».
18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
01.00 Т/х «Бәсеке».

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 Vine Time.
14.25 М/ф «Буба.
14.55 «Улыбка пересмешника», т/с.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
00.30 «Таңдауым сен», т/х.
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».

6.00 «ҚАРИЯ», Т/Х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/С «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
13.50 Т/С «ДИКИЙ-4».
15.40 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ».
00.20 К/Ф «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
02.20 «П@УТINA».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК web».
7.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.00 К/ф «Лидия».
11.20 К/ф «Счастливая жизнь Ксении».
15.30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
02.40 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.40 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 «What's Up?».
10.35, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.00 «Реальная белка-2».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 «Битва экстрасенсов».
19.00 Т/с «Вижу-знаю».
20.00 Информбюро.
21.15 Т/с «Коп».
23.45 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
02.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.15 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30 Т/с «Поездка за счастьем».
10.40, 16.30 Т/с «Горничная».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 23.15 Т/с «Замужем за мафией».
14.00, 02.15Т/х «TELEPORT-2».
14.40 Скетчком «Q-елі».
15.10 Т/х «Бак».
15.30 Т/с «Женатики-2»
16.00 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА».
18.40 Т/с «Поездка за счастьем»
19.45 Т/с «Гранд»
20.15 Т/х «Жалдамалы қалыңдық».
21.15 Т/х «Тақиясыз періште».
00.20 Т/с «Слуга народа-2»
01.20 «Чудо»
02.00 М/с «Бак»
03.00 «Айнаонлайн».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.10 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
12.20 «Однажды в России».
13.20 К/ф «Квант милосердия»
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «Меган Ливи».
22.10 К/ф «Болото».
01.00 «Бүлдір-күлдір».
04.00 «СашаТаня», т/с.

# СӘРСЕНБІ

## 29 ШІЛДЕ

6.00, 04.20 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.40, 20.00 AQPARAT.
7.10 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
11.00, 19.00 Т/х «Келін әні».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.55 «Kelbet».
13.40 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.15 «Өмірдің өзі...», т/х.
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «Жолайрық».
02.20 «Азамат», д/ф.
03.20 «Ауылдастар».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Народный контроль».
8.50, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.00 «Covid-19».
9.30, 17.00 Т/с «РАЗИЯ».
10.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
15.15, 23.20 Т/с «Кенебек».
18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.30 «Біздің назарда».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
01.00 Т/х «Бәсеке».

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 Vine Time.
14.25 М/ф «Буба.
14.55 «Улыбка пересмешника», т/с.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
00.30 «Таңдауым сен», т/х.
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».

6.00 «ҚАРИЯ», Т/Х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/С «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
13.50 Т/С «ДИКИЙ-4».
15.40 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ».
00.20 К/Ф «АНДРЕЕВСКИЙ ФЛАГ».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.50 К/ф «Анжелика».
15.30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 К/ф «Анжелика».
23.10 Т/с «Шеф».
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.30 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 «What's Up?».
10.35, 21.15 Т/с «Коп».
13.15 М/с «Лунтик».
14.00 М/с «Аладдин».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 «Экстрасенсы-детективы».
19.00 Т/с «Вижу-знаю».
20.00 Информбюро.
23.45 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
02.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
7.00 «Гу-гулет».
7.30 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Леди Баг и Суперкот»
9.30, 18.40 Т/с «Поездка за счастьем».
10.40, 16.30 Т/с «Горничная».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.00, 23.15 Т/с «Замужем за мафией».
14.00, 02.15 Т/х «TELEPORT-2».
14.40 Скетчком «Q-елі».
15.10 Т/х «Бак».
15.30 Т/с «Женатики-2».
16.00 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА».
19.45 Т/с «Гранд»
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.15 Т/с «Тақиясыз періште».
01.20 «Чудо»
02.00 М/с «Бак»
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.10 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
12.20 «Однажды в России».
15.30 К/ф «Кровавая работа».
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «Рука на миллион».
22.20 К/ф «Открытое море».
00.50 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# БЕЙСЕНБІ

## 30 ШІЛДЕ

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.55 «Kelbet».
13.30 «Азамат», д/ф.
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10, 03.00 «Қайсар», д/ф.
16.35 «Konil tolgyny».
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «Жолайрық».
02.25 «Азамат», д/ф.
02.50 «100 jana esim».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00, 07.30 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20, 16.50 «Індетпен күрескен Қазақстан».
8.00 Новости.
8.20, 18.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
9.00 «Covid-19».
9.30, 17.00 Т/с «РАЗИЯ».
10.45, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
15.15, 23.20 Т/с «Кенебек».
18.40 Т/х «Жалғыз жауқазын».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.50 «Народный контроль».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
01.00 Т/х «Бәсеке».

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 Vine Time.
14.25 М/ф «Буба.
14.55 «Улыбка пересмешника», т/с.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».

00.30 «Таңдауым сен», т/х.
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қария», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
11.55 Т/с «Андреевский флаг».
13.50 Т/с «Дикий-4».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «Солнечный ноябрь».
22.00 «П@УТINA».
22.50 Т/с «Солнечный ноябрь».
00.20 К/ф «Андреевский флаг».
02.20 «П@УТINA».
03.05 «BASTY PRIME».
04.05 «ТОЙ ЗАКАЗ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.30, 21.30 К/ф «Клуб обманутых жен».
15.30 «Өкініш», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
23.20 Т/с «Шеф».
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.30 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 «What's Up?».
10.35, 21.15 Т/с «Коп».
13.15 М/с «Лунтик».
14.00 М/с «Аладдин».
11.30, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
15.00 «Кел, татуласайық».
18.00 «Экстрасенсы детективы».
19.00 Т/с «Вижу-знаю».
20.00 Информбюро.
23.40 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
01.55 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.
04.30 Әзіл студио.

6.00 «Қыздар арасында».
6.40, 05.30 «Гу-гулет».
7.20 «Келесі кім?».
8.00, 22.15, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30, 18.40 Т/с «Поездка за счастьем».
10.40, 16.30 Т/с «Горничная».
11.50,17.40 Т/с «Охотник за головами».
13.10, 23.15 Т/с «Замужем за мафией».
14.00, 02.15 Т/х «TELEPORT-2».
14.40 Скетчком «Q-елі».
15.10 Т/х «Бак».
15.30 Т/с «Женатики-2»
16.00 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА»
19.45 Т/с «Гранд»
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.15 Т/х «Тақиясыз періште».
00.20 Т/с «Слуга народа-2»
01.20 «Чудо»
02.00 М/с «Бак»
03.00 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

НТК

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 01.00 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 02.30 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Смывайся».
12.20 «Однажды в России».
13.15 К/ф «Рука на миллион».
15.30 К/ф «Невеста и предрассудки».
18.00 К/ф «Дом странных детей мисс Перегрин»
20.20 К/ф «Одинокий рейнджер».
23.10 К/ф «Бой без правил».
01.50 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# ЖҰМА
## 31 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6.00, 04.30 Әнұран.
6.05, 13.00 «ИМАН ӨЗЕГІ».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
11.00, 19.00 Т/х «Келін әні».
12.00, 01.30 Т/х «Ғазиз жүрек».
13.00, 02.55 «Арнайы репортаж: Мұнаралы елорда».
13.00 «ИМАН ӨЗЕГІ».
13.50 «100 jana esim».
14.00, 21.30 Т/х «Ғажайып дәрігер».
15.00, 22.20 Т/х «Әмірші әйел».
16.10, 03.00 «Қайсар», д/ф.
16.35 «Konil tolgyny».
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «Теледәрігер».
23.30 Т/х «Жолайрық».
02.40 «Арнайы репортаж: Мұнаралы елорда».
02.20 «ИМАН ӨЗЕГІ»
03.00 «Jan jylyy».
03.20 «Азамат», д/ф.
04.00 «24 sagat tabigat qushagynda»

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Менің тағдырым».
7.00 Жаңалықтар.
7.20, 16.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
8.00 Новости.
8.20 «Біздің назарда».
9.00 «Covid-19».
9.30, 17.00 Т/с «РАЗИЯ».
10.45, 21.40 Т/х «Жестокий Стамбул».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
15.15, 23.20 Т/с «Кенебек».
18.25 «Қоғамдық талқылау».
19.30 «Covid-19».
20.00 Итоги дня.
20.50 «Індетпен күрескен Қазақстан».
21.00 Қорытынды жаңалықтар.
01.00 Т/х «Бәсеке».

ASTANA TV

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.35 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кекеш келін», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Covid-19».
14.15 Vine Time.
14.25 М/ф «Буба.
14.55 «Улыбка пересмешника», т/с.
16.00 «Aitarym bar».
17.50 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
00.30 «Таңдауым сен», т/х.
01.40 «Шімән апаның хикаялары».
02.10 «Әзілстан».
02.30 «Біреудің есебінен», д/д.
03.15 «KazNet».

6.00 «Той базар».
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.40 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
9.00 К/ф «Юрочка».
13.00 «Неке сыры».
14.40 Т/с «Тонкий лед».
19.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
20.15 Т/с «На крыльях».
22.00 «П@УТINA».
23.00 Т/с «На крыльях».
01.30 «П@УТINA».
02.15 «Неке сыры».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 Кешкі жаналықтар.
7.25 «КТК web».
8.00 «Аслы-Ферхат», т/х.
9.30 Новости.
10.00 «Было дело».
12.00 Т/с «Шеф».
13.40 К/ф «Клуб обманутых жен».
15.30 «Өкініш», т/х.
17.30 «Жат туыстар», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «Үйтіп-бүйтіп».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.30 «Хочу быть счастливой», К/ф.
01.00 «Было дело».
02.30 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.50 Т/с «ГАНГА».
10.00 «What's Up?».
10.35, 21.15 Т/с «Коп».
13.15 М/с «Лунтик».
13.50 К/ф «Тайна магазина игрушек».
16.00 К/ф «Три богатыря. Наследница престола».
18.00 К/ф «Рыцарь Камелота».
20.10 К/ф «Король Артур».
23.10 Концерт «Берекелі мереке».
02.20 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.00 Ризамын.

6.00 «Қыздар арасында».
6.40, 05.15 «Гу-гулет».
7.20 «Келесі кім?».
8.00 Т/х «ЭЛИФ»
9.00 М/с «Леди Баг и Супер кот».
9.30 Т/с «Поездка за счастьем».
10.40 Т/с «Горничная».
11.50 Т/с «Охотник за головами».
13.00 Т/с «Замужем за мафией».
14.00 Т/х «TELEPORT-2».
14.40, 03.20 Скетчком «Q-елі».
15.10 Т/х «Бак».
15.30 Т/с «Женатики-2»
16.00 «Побег из аула»
16.30 «Юморина».
18.40 «Дизель шоу».
20.15 Т/с «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.10 «Эспен Тролль патшалығында»
23.30 К/ф «Дочь Чингисхана в XXI веке»
01.10 «KZландия»
02.00 Т/х «Suikimdi stories»
03.45 «Чудо»

НТК

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 01.00 «Қағаз кеме», т/х.
8.50, 03.00 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и Медведь».
10.00 К/ф «Дом странных детей мисс Перегрин»
12.30 М/ф «Трон эльфов».
15.40 М/ф «Лови волну»
17.15 К/ф «Одинокий рейнджер»
20.10 К/ф «Мумия возвращается».
22.40 К/ф «Пипец-2».
01.45 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# СЕНБІ
## 1 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6.00, 04.10 Әнұран.
6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.45, 20.00 AQPARAT.
7.15 «Теледәрігер».
8.20 М/х «Питер Пэн».
9.05 Т/х «Томпақ».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
11.00, 19.00 Т/х «Келін әні».
12.00 «NUR TILEY». Сұхбат.
12.35 «Жігіттер» концерт.
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 02.15 «Тастанды», к/ф.
17.15 «Қызық екен...».
20.00 «Үздік екен...».
22.20 «Құлыным», к/ф.
00.50 «Арнайы репортаж: Мұнаралы елорда».
01.10 «Jaidarman».
02.20 «Nur Tiley». Сұхбат.
02.50 «Ауылдастар».
03.20 «Азамат», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Ұят болмасын».
6.45 Концерт «Әндер мен жылдар».
9.00 «Discovery: Как устроена Вселенная».
9.45 М/с «Малышарики».
10.10 «Covid-19».
10.00 «От всего сердца».
11.05 «Жұлдызды жекпе-жек».
12.50 Т/х «Кебенек».
13.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
17.30 К/ф «Балуан Шолақ».
19.20 К/ф «На глубине 6 футов».
21.00 К/ф «Человек ноября».
22.45 Т/с «Шерлок».
00.15 Т/х «Сүйе білсең».

ASTANA TV

6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30, 02.55 «Әзілстан».
7.00 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00 «Кулфи», т/х.
10.30, 22.00 «Кекеш келін», т/х
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 «Алдараспан».
15.50 К/ф «В поисках мамы-2».
18.00 «Кек», т/х.
20.00 «Үздік әндер».
20.55 Loto 6/49.
00.30 «Azil keshi».
02.10 Той жыры.
02.35 «KazNet».

6.00 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ», Т/Х.
6.40 «ТАМАША CITY».
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.55 «ҰШПАЛАҚ».
8.45 Т/С «КОГДА ЗАЦВЕТЕТ БАГУЛЬНИК».
12.35 «ФАБРИКА ГРЕЗ».
13.00 «НЕКЕ СЫРЫ».
14.40 Т/С «ТОНКИЙ ЛЕД».
18.55 «ЛУЧШЕ ВСЕХ».
20.30 Т/С «СЕМЕЙНОЕ ДЕЛО».
22.00 «П@УТINA».
23.00 Т/С «СЕМЕЙНОЕ ДЕЛО».
00.30 К/Ф «ПАТЕНТ».
02.20 «П@УТINA+».
03.05 «ТАМАША CITY».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК» қоржынынан».
7.30 «Айша», т/х.
8.00 «Кеттік тойға».
9.00 «Үйтіп-бүйтіп».
10.00 «Смеяться разрешается».
12.50 «Хочу быть счастливой», К/ф.
16.30 «АТАЛАР СӨЗІ».
18.30 «Ән мен әнші».
21.00 «Можно мне тебя обнять?», К/ф.
00.50 «Было дело».
02.10 «Министерство правды».
02.50 «Тағы басталды», к/ф.

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00, 03.30 Әзіл студио.
7.00, 04.00 Ризамын.
7.50 Информбюро.
9.00 «Готовим с Адель».
9.30 «Битва экстрасенсов».
12.10 «What's Up?».
13.10 К/ф «Тайна магазина игрушек».
15.30 К/ф «Рыцарь Камелота».
17.45 К/ф «Король Артур».
20.30 К/ф «Геракл: Начало легенды».
22.40 Концерт «Әндер мен жылдар».
01.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

6.00 «Келесі кім-2?».
7.00 «Қуырдақ».
7.30, 05.15 «Гу-гулет».
8.30 Т/х «Бак».
9.00 М/с «Джинглики»
9.30 М/с «Фиксики»
10.00 «Дизель шоу».
11.30 Т/с «Гранд»
13.50 К/ф «Дочь Чингисхана в XXI веке».
16.00 Концерт «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім».
18.10 Т/х «Тақиясыз періште».
21.00 К/ф «Конан Варвар»
23.10 К/ф «Геракл».
01.00 «Машина времени»
02.20 Т/х «Suikimdi stories»

НТК

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».
7.50 М/х «Том мен Джерри».
8.30, 00.30 «Тек күлкі үшін».
8.50, 01.20 «Екі езу».
9.10 «INSTATV.KZ».
9.30 М/ф «Трон эльфов».
12.40 М/ф «Лови волну».
14.10 М/ф «Медведь Йоги»
15.35 «PRO-КИНО».
15.45 «Талантым – тағдырым».
17.10 К/ф «Мумия возвращается».
19.40 К/ф «Тихоокеанский рубеж»
22.00 К/ф «Неоспоримый-4»
23.50 К/ф «Люди как мы».

# ЖЕКСЕНБІ
## 2 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6.00, 04.10 Әнұран.
6.05, 02.50 «24 sagat tabigat qushagynda».
6.35 «Tolagai».
7.10 «Көшпенділер», д/ф.
8.00 М/х «Питер Пэн».
8.50 «Немене».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
11.00, 19.00 Т/х «Келін әні».
12.00 «Достығымыз жарасқан». Концерт.
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00 «Құлыным», к/ф.
17.15 «Қызық екен...».
20.00 «Күміс көмей».
20.45 «Үздік әндер».
22.20 К/ф «Полиция хикаялары».
00.05 «Jaidarman».
01.15 «Ауылдастар».
01.45 «Азамат», д/ф.
02.25 «Nur Tiley». Сұхбат.
03.25 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Ұят болмасын».
6.45 Мемлекеттік Кремль сарайында өткен Димаш Құдайбергеннің «D-Dynasty» атты жеке концерті.
9.00 «Discovery: Как устроена Вселенная».
9.45 М/с «Малышарики».
10.00 «От всего сердца».
11.05 К/ф «Балуан Шолақ».
13.00 Т/х «Кебенек».
15.50 К/ф «На глубине 6 футов».
17.30 К/ф «Человек ноября».
19.15 «Жұлдызды жекпе-жек».
21.00 К/ф «Тайные агенты».
22.45 Т/с «Шерлок».
00.15 Т/х «Сүйе білсең».

ASTANA TV

6.00, 03.25 «Ән мен әзіл» концерттік.
7.00 «KazNet».
7.30, 03.15 «Әзілстан».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00 TeleBingo.
10.25. 22.00 «Кекеш келін», т/х
11.45, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.50, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.20 К/ф «В поисках мамы-2».
16.20 «Алдараспан».
17.50 «Кек», т/х.
20.00 «Үздік әндер».
20.45 Аялы алақан.
00.30 Той жыры.
00.55 К/ф «Жаралы сезім».

6.00 «Тракторшының махаббаты», т/х.
6.40 «ТАМАША CITY».
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
7.50 «Ұшпалақ».
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ».
9.00 Т/с «Семейное дело».
13.00 «Неке сыры».
14.40 Т/с «Тонкий лед».
19.00 Лучше всех.
20.30 Т/с «Виолетта из Атамановки».
22.00 «П@УТINA».
23.00 Т/с «Виолетта из Атамановки».
00.50 «Три аккорда».
02.30 «П@УТINA».
03.00«ТАМАША CITY».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «Ән мен әнші».
8.10 «КТК-да Қабатов».
9.00 «Смеяться разрешается».
10.50 «Можно мне тебя обнять?», К/ф.
14.40 К/ф «Закон сохранения любви».
16.30 «Аталар сөзі».
18.20 «Шаншар».
21.00 К/ф «Девушка с глазами цвета неба».
00.50 «Было дело».
01.30 «Министерство правды».
02.20 «Ұры», к/ф.
03.50 «КӨРІПКЕЛ-2».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00, 03.50 Әзіл студио.
7.30, 04.50 Ризамын.
8.30 Бауыржан-шоу.
9.00 Әзілдер жинағы.
10.00 «Готовим с Адель».
10.35 «Тамаша live».
11.10 К/ф «Золушка-3: Злые чары».
13.00 К/ф «Садко».
14.50 К/ф «Три богатыря. Наследница престола».
16.50 К/ф «Геракл: Начало легенды».
19.10 К/ф «Призрак».
22.00 «Последние 24 часа».
23.00 К/ф «Храм любви».
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

6.00 «Келесі кім?».
7.00 «Қуырдақ».
7.30, 05.15 «Гу-гулет».
8.30 Т/х «Бак».
9.00 М/с «Фиксики».
9.50 Т/с «Вероника не хочет умирать».
14.00 «Юморина».
16.00 Скетчком «Q-елі».
21.00 К/ф «Эспен в королевстве Троллей».
23.10 К/ф «Конан Варвар».
01.00 «Машина времени»
02.20 Т/х «Suikimdi stories»
04.20 «Өз ойым».

НТК

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».
7.50 М/х «Том мен Джерри».
8.30, 00.30 «Тек күлкі үшін».
8.50, 01.20 «Екі езу».
9.10 «INSTATV.KZ».
9.30 М/с «Шумный дом».
10.15 М/с «Маша и Медведь»
10.35 М/ф «Медведь Йоги»
12.00 К/ф «Тихоокеанский рубеж»
14.30 М/ф «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек»
16.10 «PRO-КИНО».
16.25 «Однажды в России».
18.00 К/ф «Разборка в Бронксе».
22.00 К/ф «От заката до рассвета-3: Дочь палача»

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 29.05.2020 №494/65-VI

# «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1149 тіркелген, 2018 жылдың 11 қаңтарында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтырулар енгізілді:

жоғарыда көрсетілген шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

13-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар;»;

52-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасыларға (ата-аналардың біреуіне);».

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы А. Табулдина**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 09.06.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1270 болып енгізілді

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №500/66 -VI

# Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы №396/52-VI шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1234 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 12.06.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1271 болып енгізілді

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 500/66-VI шешіміне қосымша**

# Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі

| Р/с № | Аурудың атауы | Халықтың санаты | Дәрілік заттарды тағайындау көрсеткіші (дәрежесі, сатысы, ағым ауырлығы) | Дәрілік заттардың атауы (дәрілік түрі) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Муковисцидоз | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі | Тобрамицин, ингаляцияға арналған ерітінді |
| | | | | Натрий колистиметаты, ингаляцияға арналған ұнтақ |
| | | | | Урсодезоксихол қышқылы, капсула |
| | | | | Бейімделген емдік өнімдер |
| | | Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар | | Панкреатин, капсула |
| 2. | Туа біткен жүрек ақауы кезіндегі Эйзенменгер синдромы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі | Бозентан, таблетка |
| | | | | Силденафил, таблетка |
| | | | | Илопрост, ингаляцияға арналған ерітінді |
| 3. | Драве синдромы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі | Стирипентол, капсула |
| | | | | Клобазам, таблетка |
| 4. | Қалқанша безінің медуллярлық ісігі | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі | Вандетаниб, таблетка |
| 5. | Ниман-Пик ауруы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі | Миглустат, капсула |
| 6. | Анкилоздаушы спондилит | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Инфликсимаб, инъекцияға арналған ұнтақ |
| 7. | Жүйелік нұсқасы бар ювенильді идиопатиялық артрит | Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар | Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы | Тоцилизумаб, инъекцияға арналған ерітінді жасауға арналған концентрат |
| | | | | Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді |
| | | | | Тофацитиниб, таблетка |
| 8. | Буллезді эпидермолиз | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Медициналық бұйымдар |
| | | | | Декспантенол, крем |
| | | | | Бейімделген емдік өнімдер |
| 9. | Өкпенің бронхоөкпелік дисплазиясы | 1 жасқа дейінгі балалар | 1000 г дейінгі салмақпен өте шала туған нәрестелер | Паливизумаб, инъекцияға арналған ерітінді, ерітінді дайындауға арналған ұнтақ |
| 10. | Алғашқы глаукома, басқа көз аурулары салдарынан туындаған қайталама глаукома | Кем дегенде бір жыл диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Травопрост+ тимолол малеаты, көзге арналған тамшылар |
| 11. | Бронх демікпесі | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Жеке көтереалмаушылық жағдайында | Серетид (сальметерол + флутиказон пропионаты), ингаляцияларға арналған аэрозоль |
| 12. | Артериялық гипертензия | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Жеке көтереалмаушылық жағдайында | Ванатекс (валсартан), таблетка |
| | | | | Телмисартан, таблетка |
| | | | | Телмисартан + гидрохлортиазид, таблетка |
| 13. | Бүйірлік амиотрофиялық склероз | Диспансерлік есепте тұрған ересектер | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Рилузол, таблетка |
| 14. | Контрацепция | Ауыр экстрагениталды аурулары бар әйелдер, жүктілікке қарсы көрсеткіштері бар әйелдер, бала туу жасындағы барлық әйелдердің әлеуметтік осал топтары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Этинилэстрадиол + дроспиренон, таблетка |
| | | | | Дезогестрел, таблетка |
| | | | | Этинилэстрадиол + левоноргестрел, таблетка, драже |
| | | | | Медициналық бұйымдар |
| 15. | Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі | Диспансерлік есепте тұрған ересектер | Көмекші құралдарды имплантациялау, жасанды жүрек пен жүректі трансплантациялау | Медициналық бұйымдар |
| 16. | Криопиринмен байланысты мерзімді синдромы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Канакинумаб, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат |
| 17. | Созылмалы вирустық С гепатиті, бауыр циррозы сатысын қоса алғанда | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін сатыда | Глекапревир + пибрентасвир, таблетка |
| 18. | Көмей стенозы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Трахеостомиялық түтікше иеленушілері | Медициналық бұйымдар |
| | | | | Бейімделген емдік өнімдер |
| 19. | Эпилепсия | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Жеке көтереалмаушылық жағдайында | Бензобарбитал, таблетка |
| 20. | Қалқанша безінің қатерлі ісігі T3N0M0 | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Ленватиниб, капсула |
| 21. | Көпжақты миелома | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Даратумумаб, инфузияға арналған ерітінді жасауға концентрат |
| 22. | Целиакия | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ұлпалық трансглютаминазаға қарсы денелері бар, гистологиялық немесе генетикалық расталған, белсенді сатыда | Бейімделген емдік өнімдер |
| | | | | Панкреатин, капсула |
| 23. | Ихтиоз | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Деспантенол, сыртқы қолдануға арналған крем |
| | | | | Мометазон, сыртқы қолдануға арналған жақпамай |
| | | | | Ацитретин, таблетка |
| 24. | Эрб Роттың үдемелі бұлшықет дистрофиясы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Бейімделген медициналық өнімдер |
| 25. | Туа біткен гиперинсулинизм | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері | Диазоксид, ампула |
| | | | | Қандағы глюкозаны анықтауға арналған сынақ жолақтары |
| 26. | Филадельфия хромосомасымен жіті лимфобласт лейкоз | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Понатиниб, таблетка |
| 27. | Жіті миелобласты лейкоз, М3 жасушалық нұсқасы | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Третиноин, капсула |
| 28. | Атопиялық дерматит | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Дупилумаб, инъекцияға арналған ерітінді |
| 29. | Сероздық эпителиальды аналық без қатерлі ісігі | Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Олапариб, капсула, таблетка |
| 30. | Тубероздік склерозы. Құрылымдық фокальды эпилепсия. Эпилептикалық энцефолапатия. Веста синдромы | Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар | Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда | Вигабатрин, таблетка |
| | | | | Осполот, таблетка |
| | | | | Зонисамид, таблетка |
| | | | | Клобазам, таблетка |

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Жоба

# Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020-2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-3) тармақшасына, «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі Комиссия отырысының 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 1, 2020 жылғы 13 мамырдағы № 2 хаттамалары негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) 2020-2024 оқу жылдарына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік білім беру тапсырысы) 1-қосымшаға сәйкес;

2) Конкурс шарттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының тізбесі 2 – қосымшаға сәйкес;

«Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) – «360 024 000 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлау»;

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі – «353 043 000 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау» және «353 044 000 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып бекітілсін.

2. Басқарма техникалық және кәсіптік білім берудің тиісті оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) ,4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М.Мәкенге жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан**
**қаласының әкімі** **А. Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы**
**әкімінің орынбасары** **Б. Мәкен**

**«Нұр-Сұлтан қаласы**
**әкімінің аппараты» мемлекеттік**
**мекемесі мемлекеттік-құқықтық**
**бөлімінің басшысы** **Ж. Шәукентаев**

**«Нұр-Сұлтан қаласының**
**экономика және бюджеттік**
**жоспарлау басқармасы» мемлекеттік**
**мекемесінің басшысы** **Қ. Маңқараев**

**«Нұр-Сұлтан қаласының**
**Қоғамдық денсаулық сақтау**
**басқармасы» мемлекеттік**
**мекемесінің басшысы** **С. Кисикова**

**«Нұр-Сұлтан қаласының**
**Білім басқармасы» мемлекеттік**
**мекемесінің басшысы** **Ш. Қадырова**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы ________________**
**№ _________ қаулысына**
**1-қосымша**

## 2020-2024 оқу жылдарына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Білім беру ұйымының атауы | Коды | Мамандық атауы | 9-сынып базасында (орын саны) | Оқыту тілі | 11-сынып базасында (орын саны) | Оқыту тілі | ТжКБ бағдарламаларының базасында | Оқыту тілі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Құрылыс техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0902000 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 12 | Орыс | | | | |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | | | 25 | Орыс | | |
| | | Жиыны: | 137 | | 25 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | 25 | Орыс | | |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1225000 | Ет және ет өнімдерінің өндірісі (түрлері бойынша | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 200 | | 25 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Орыс | | | | |
| | 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны: | 50 | | | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1109000 | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1415000 | Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша) | | | 25 | Мемлекеттік | | |
| | | Жиыны: | 50 | | 25 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Кәсіптік-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1013000 | Механикалық өңдеу, өлшеу- бақылау құралдары және өндірістегі автоматика | 20 | Орыс | | | | |
| | 1109000 | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 20 | Орыс | | | | |
| | 1402000 | Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша) | | | 20 | Мемлекеттік | | |
| | | Жиыны: | 165 | | 20 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0511000 | Туризм (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | | |
| | 1226000 | Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1508000 | Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 275 | | | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1305000 | Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | | |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 25 | Орыс | | | | |
| | 1405000 | Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану | 25 | Орыс | | | | |
| | 1417000 | Азаматтық ғимараттар ішкі көрінісінің дизайны, қалпына келтіру, қайта құру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1306000 | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1307000 | Электр байланысы және желімен хабарлаудың желілік құрылыстарын пайдалану | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 400 | | | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 75 | Мемлекеттік | 25 | Орыс | | |
| | 0103000 | Дене тәрбиесі және спорт | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0108000 | Музыкалық білім беру | 15 | Орыс | | | | |
| | 0111000 | Негізгі орта білім беру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны: | 315 | | 25 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0520000 | Логистика | 25 | Орыс | | | | |
| | 0902000 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | | | 25 | Мемлекеттік | | |
| | | | | | 25 | Орыс | | |
| | 0913000 | Энергоменеджмент | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1107000 | Көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары менжабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1202000 | Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1203000 | Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 1206000 | Жол қозғалысын ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Орыс | | |
| | 1306000 | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Мемлекеттік | | |
| | | | 25 | Орыс | 25 | Орыс | | |
| | | Жиыны: | 275 | | 125 | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0301000 | Емдеу ісі | | | 50 | Мемлекеттік | | |
| | 0302000 | Медбикелік іс | | | 150 | Мемлекеттік | | |
| | | | | | 50 | Орыс | | |
| | | Жиыны: | | | 250 | | | |
| «Басқару колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0402000 | Дизайн | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 125 | | | | | |
| Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазтұтынуодағының жоғары сауда-экономикалық колледжі» білім беру мекемесі | 0513000 | Маркетинг (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Мемлекеттік | | |
| | | | 25 | Орыс | 25 | Орыс | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны: | 75 | | 50 | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Тұран-Профи» қалалық шаруашылық колледжі» мекемесі | 1206000 | Жол қозғалысын ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрі бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | 1415000 | Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 75 | | | | | |
| «Менеджмент және бизнес колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0402000 | Дизайн (бейін бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Орыс | | | | |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 50 | Орыс | | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 175 | | | | | |
| «Еуразия гуманитарлық институтының колледжі» мекемесі | 0111000 | Негізгі орта білім беру | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0401000 | Кітапхана ісі | | | 15 | Орыс | | |
| | | Жиыны: | 125 | | 15 | | | |
| «ҚазГЗУ Гуманитарлық-заң колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | | |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 100 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 100 | Орыс | | | | |
| | 0507000 | Қонақ үйшаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 25 | Орыс | | | | |
| | 0513000 | 0513000 Маркетинг (салалар бойынша) | 50 | Мемлекеттік | | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 450 | | | | | |
| «Индустриалды инженерлік-экономикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0507000 | Қонақ үйшаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Орыс | | | | |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | | |
| | | Жиыны: | 50 | | | | | |
| «М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ-ның Ақмола колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны: | 25 | | | | | |
| "Экономика-заң колледжі" мекемесі | 0402000 | Дизайн | 25 | Орыс | | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны : | 50 | | | | | |
| «АСУ» гуманитарлық-техникалық колледж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0501000 | Әлеуметтік жұмыс | 25 | Мемлекеттік | | | | |
| | | Жиыны: | 25 | | | | | |
| | | Барлығы: | 3042 | | 560 | | | |

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы ______________**
**№ ________ қаулысына**
**2-қосымша**

## Конкурс шарттары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының тізбесі

| Білім беру ұйымының атауы | Коды | Мамандық атауы | 9-сынып базасында (орын саны) | Оқыту тілі | 11-сынып базасында (орын саны) | Оқыту тілі | Мамандық бойынша жобалық қуаттылығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Құрылыс техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0902000 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 62 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | 86 |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 12 | Орыс | | | 74 |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 30 |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | | | 25 | Орыс | 25 |
| | | Жиыны: | 137 | | 25 | | 352 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 50 | Мемлекеттк | | | 198 |
| | | | 50 | Орыс | 25 | Орыс | |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1225000 | Ет және ет өнімдерінің өндірісі (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 50 |
| | | Жиыны: | 200 | | 25 | | 398 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Орыс | | | 75 |
| | 1219000 | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 25 | Мемлекеттік | | | 25 |
| | | Жиыны: | 50 | | | | 100 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1109000 | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 50 |
| | 1114000 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | 1415000 | Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша) | | | 25 | Мемлекеттік | 25 |
| | | Жиыны: | 50 | | 25 | | 125 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Кәсіптік-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1013000 | Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика | 20 | Орыс | | | 50 |
| | 1109000 | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 25 |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | 1211000 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 20 | Орыс | | | 75 |
| | 1402000 | Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша) | | | 20 | Мемлекеттік | 75 |
| | | Жиыны: | 165 | | 20 | | 475 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0508000 | Тамақтандыруды ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 250 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0511000 | Туризм (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 150 |
| | | | 50 | Орыс | | | |
| | 1226000 | Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 125 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1508000 | Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | | Жиыны: | 275 | | | | 650 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 180 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | 283 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 422 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1305000 | Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | |
| | | | 50 | Орыс | | | |
| | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу жәнепайдалану | 25 | Орыс | | | 290 |
| | 1405000 | Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану | 25 | Орыс | | | 80 |
| | 1417000 | Азаматтық ғимараттар ішкі көрінісінің дизайны, қалпына келтіру, қайта құру | 25 | Мемлекеттік | | | 192 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1306000 | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | 50 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | 1307000 | Электр байланысы және желімен хабарлаудың желілік құрылыстарын пайдалану | 25 | Орыс | | | 80 |
| | | Жиыны: | 400 | | | | 1627 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 75 | Мемлекеттік | 25 | Орыс | 75 |
| | 0103000 | Дене тәрбиесі және спорт | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 50 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0108000 | Музыкалық білім беру | 15 | Орыс | | | 20 |
| | 0111000 | Негізгі орта білім беру | 25 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 75 | Орыс | | | |
| | | Жиыны: | 315 | | 25 | | 320 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0520000 | Логистика | 25 | Орыс | | | 55 |
| | 0902000 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | | | 25 | Мемлекеттік | 80 |
| | | | | | 25 | Орыс | |
| | 0913000 | Энергоменеджмент | 25 | Мемлекеттік | | | 55 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1107000 | Көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | 1202000 | Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | 1203000 | Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару | 25 | Мемлекеттік | | | 55 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 1206000 | Жол қозғалысын ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Орыс | 100 |
| | 1306000 | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Мемлекеттік | 125 |
| | | | 25 | Орыс | 25 | Орыс | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жиыны: | 275 | | 125 | | 645 |
| Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 0301000 | Емдеу ісі | | | 50 | Мемлекеттік | 50 |
| | 0302000 | Медбикелік іс | | | 150 | Мемлекеттік | 200 |
| | | | | | 50 | Орыс | |
| | | Жиыны: | | | 250 | | 250 |
| «Басқару колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0402000 | Дизайн | 50 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 50 | Орыс | | | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 25 |
| | | Жиыны: | 125 | | | | 125 |
| Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазтұтынуодағының жоғары сауда-экономикалық колледжі» білім беру мекемесі | 0513000 | Маркетинг (салалар бойынша) | 25 | Мемлекеттік | 25 | Мемлекеттік | 50 |
| | | | 25 | Орыс | 25 | Орыс | |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 25 |
| | | Жиыны: | 75 | | 50 | | 75 |
| «Тұран-Профи» қалалық шаруашылық колледжі» мекемесі | 1206000 | Жол қозғалысын ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 39 |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрі бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 54 |
| | 1415000 | Лифт шаруашылығы және эскалаторлар (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 40 |
| | | Жиыны: | 75 | | | | 133 |
| «Менеджмент және бизнес колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 25 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0402000 | Дизайн (бейін бойынша) | 25 | Орыс | | | 100 |
| | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Орыс | | | 50 |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 50 | Орыс | | | 100 |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 100 |
| | | Жиыны: | 175 | | | | 450 |
| «Еуразия гуманитарлық институтының колледжі» мекемесі | 0111000 | Негізгі орта білім беру | 50 | Мемлекеттік | | | 150 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 25 | Мемлекеттік | | | 150 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0401000 | Кітапхана ісі | | | 15 | Орыс | 20 |
| | | Жиыны: | 125 | | 15 | | 320 |
| «ҚазГЗУ Гуманитарлық-заң колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0101000 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 50 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 50 | Орыс | | | |
| | 0105000 | Бастауыш білім беру | 100 | Мемлекеттік | | | 200 |
| | | | 100 | Орыс | | | |
| | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | | | 25 | Орыс | | | |
| | 0513000 | 0513000 Маркетинг (салалар бойынша) | 50 | Мемлекеттік | | | 100 |
| | | | 50 | Орыс | | | |
| | | Жиыны: | 450 | | | | 450 |
| «Индустриалды инженерлік-экономикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0507000 | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 25 | Орыс | | | 87 |
| | 1403000 | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 25 | Орыс | | | 74 |
| | | Жиыны: | 50 | | | | 161 |
| «М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ-ның Ақмола колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 1401000 | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | | Жиыны: | 25 | | | | 75 |
| «Экономика-заң колледжі» мекемесі | 0402000 | Дизайн | 25 | Орыс | | | 100 |
| | 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 25 | Мемлекеттік | | | 75 |
| | | Жиыны : | 50 | | | | 175 |
| «АСУ» гуманитарлық-техникалық колледж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 0501000 | Әлеуметтік жұмыс | 25 | Мемлекеттік | | | 50 |
| | | Жиыны: | 25 | | | | 50 |
| | | Барлығы: | 3042 | | 560 | | 6956 |

Нұр-Сұлтан қаласының ІІД полиция полковнигі Сатыбеков Кайрат Махметовичке берілген зейнетақы куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын.

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА!

ASTANA AQSHAMY

| Индекс 65617 | | Жазылу бағасы қала | Жазылу бағасы аудан/ауыл |
|---|---|---|---|
| Жеке жазылушылар үшін | 1 айға | 586,25 | 640,00 |
| | 3 айға | 1 758,75 | 1 920,00 |
| | 6 айға | 3 517,50 | 3 840,00 |

| Индекс 15617 | | Жазылу бағасы қала | Жазылу бағасы аудан/ауыл |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 1 айға | 846,25 | 900,00 |
| | 3 айға | 2 538,75 | 2 700,00 |
| | 6 айға | 5 077,50 | 5 400,00 |

*ГАЗЕТІМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ

ҚАЗПОШТА: 8 (7172) 58-02-96 (4175)
РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 70-33-06, 70-33-05

www.astana-akshamy.kz

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі негізінде сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асырады.

Сыртқы мемлекеттік аудит халықтың өмір сүру жағдайы сапасының серпінді өсуін және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру және заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Мәселен, 2020 жылдың 6 айында 5 аудиторлық іс-шара бойынша қорытынды жасалды, онда мемлекеттік аудит жалпы сомасы 189 713,0 млн. теңге болатын 40 нысанды қамтыды, атап айтқанда:

– мемлекеттік органдарда – 133 929,0 млн. теңге;

– квазимемлекеттік сектор субъектілерінде – 55 784,0 млн. теңге.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 17 477,6 млн. теңгені құрады, соның ішінде қаржылық бұзушылықтар – 8 735,2 млн. теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 4 468,5 млн. теңге және тиімсіз жоспарлау – 4 273,9 млн. теңге, сондай-ақ, аудит объектілерінің қызметіндегі 938 рәсімдік бұзушылық пен кемшілік анықталды.

Қалпына келтіруге/өтеуге ұсынылған 8 735,2 млн. теңгенің 5 403,8 млн. теңгесі қалпына келтірілді/өтелді:

– ақшалай нысанда өтелгені – 308,1 млн. теңге;

– жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу, есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтірілгені – 5 095,7 млн. теңге.

Бұзушылықтарға жол бергені үшін 109 лауазымды тұлға, соның ішінде, тәртіптік жауапкершілікке – 49, әкімшілік жауапкершілікке 60-ы (жалпы сомасы 8,3 млн. теңге айыппұл салынды) тартылды. Құқық қорғау органдарына 4 материал берілді.

Сонымен қатар, есепті кезеңде Тексеру комиссиясы жергілікті атқарушы органдарға, уәкілетті органдарға, мемлекеттік басқару органдарына және аудит объектілеріне анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою бойынша 22 ұсыным және 157 тапсырма жолдады.

Аудиторлық іс-шараларды өткізу кезінде негізінен бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, салықтық әкімшілендіру тиімділігіне, жергілікті бюджетке салықтар мен басқа да төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етуге назар аударылды.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары аудит объектілерінің қызметінде жекелеген жүйелік кемшіліктердің бар екенін көрсетті.

Мысалы, аумақты дамыту жоспарында және Білім басқармасының бюджеттік бағдарламаларында көрсетілген көрсеткіштердің бір бөлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бекітілген көрсеткіштерге сәйкес келмейді.

Елорданың білім беру жүйесінің дамуы балалар санының едәуір өсуімен сипатталады, соңғы 3 жылда елорда халқы 10,2%-ға өсті, осы кезеңде жалпы білім беретін мектептер оқушыларының саны 26,6%-ға, балабақшаларда тәрбиеленушілердің саны 5,9%-ға өсті.

Елорданың білім беру ұйымдарында орын тапшылығы ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан жүйелі проблема болып табылады.

Білім беру ұйымдарының аса тығыз жасақталғандығының салдарынан санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуы қамтамасыз етілмейді, бұл өз кезегінде білім беру процесінің сапасына және балалардың қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

Сондай-ақ, мемлекеттік кірістер органдарының қызметінде ірі салық төлеушілердің аванс беруі есебінен салық түсімдері көрсеткіштерін негізсіз көтеру бөлігінде кемшіліктер байқалады, ол салық әлеуеті мен төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша теріс мәні бар болжамдық көрсеткіш арасындағы үлкен салықтық алшақтықтың туындауына әкеп соққан және бұл жоғарыда көрсетілген салық түрлері бойынша жеткізілген жоспарлардың шиеленіскендігін куәландырады.

Іс жүзінде нақты жиналған салықтар көрсеткішінің көмегімен салықтық әлеуетті бағалаудың қазіргі әдісі үлкен салықтық алшақтықты құрайды, өйткені болжамдық көрсеткіштерді (мүлік салығы, жер салығы және т. б.) анықтау кезінде жергілікті бюджетке салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша түсімдердің барынша мүмкін болатын сомасының жиналғыштығы ескерілмейді.

Жалпы, анықталған бұзушылықтарды талдау бұзушылықтарға жол берілуінің негізгі себептері қаржылық тәртіп деңгейінің жеткіліксіздігі, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында тиісті өзара іс-қимылдың, сондай-ақ, ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне бақылаудың болмауы болып табылатынын көрсетеді.

Тексеру комиссиясы есепті кезеңде 2019 жылғы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастырып, мәслихаттың қарауына ұсынды, ол мазмұны бойынша жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылады, сондай-ақ, 2020 жылғы 1-тоқсандағы елорда бюджетінің атқарылуын ағымдағы бағалау жасалып, мәслихатқа және Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне ұсынылды.

Әрбір аудиторлық іс-шара бойынша толық ақпаратпен және тоқсан сайынғы ағымдағы бағалаумен келесі сайттан танысуға болады: www.rkastana.gov.kz.

Тексеру комиссиясы қаржылық тәртіпті нығайту және елордада экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыратын болады.

**«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ**

## ХАЛҚЫНЫҢ АЯУЛЫ ПЕРЗЕНТІ ЕДІ

2020 жылғы 15 шілдеде көрнекті мемлекет қайраткері, саналы ғұмырын ел игілігі жолындағы қызметке арнаған асыл азамат – Қосман Қайыртайұлы Айтмұханбетов дүниеден өтті.

Қосман Қайыртайұлы 1963 жылы 29 тамызда Целиноград облысы Ерейментау ауданы Бестөбе ауылында туған. Еңбек жолын 1983 жылы Целиноград облысы Сілеті ауданы «Изобильное» совхозы 2-бөлімшесінің жұмысшысы болып бастаған.

Әр жылдары «Қазпошта» ААҚ «Астана поштамт» Астана қаласы филиалының бастығы, Астана қаласы «Горкоммунхоз» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бас директорының орынбасары, директоры, Ақмола облысы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, облыс әкімі, Қазақстан Республикасы Аумақтық даму вице-министрі, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті және Жер ресурстары басқармасының төрағасы болып қызмет атқарған.

Сонымен қатар, Қосман Айтмұханбетовтің Нұр-Сұлтан қаласының өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі де зор. Ол елорда әкімінің орынбасары лауазымына дейін де қаланың коммуналдық-шаруашылық саласының жақсаруы жолында аянбай еңбек етті. Сондай-ақ 2014-2019 жылдар аралығында қала әкімінің орынбасары лауазымында жемісті қызмет етіп, елордамыздың коммуналдық-шаруашылық, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиялық жағдайды жақсарту және төтенше жағдайдың алдын алу, қоғамдық көлік пен көлік инфрақұрылымын дамыту салаларына жетекшілік етті. Нұр-Сұлтан қаласының бүгінгі сәулеттік келбеті мен қол жеткізген жетістіктерінде Қосман Қайыртайұлының өзіндік қолтаңбасы бар.

Қосман Қайыртайұлы ғұмырының соңғы жылдарын Түркістан облысының көркеюіне арнап, «Арыс оқиғасында», Мақтаарал өңіріндегі топан су басу кезінде және Түркістан қаласының дамуында айрықша іскерлік қырымен көзге түсіп, халықтың ықылас-құрметіне ие болды. Ол қай кезде де ешкімді жатырқамайтын, кішіге қамқор аға, үлкенге ізетті іні ретінде айнала жұртшылықтың сый-құрметіне ие еді. Қандай істі қолына алса да үнемі тындырымды істің үлгісін көрсетіп, бар қажыр-қайратын жұмсайтын.

Қосман Айтмұханбетовтің қазасы бәрімізді де қабырғамызды қайыстырып кетті. Амал қанша, «Өмір бар жерде өлім бар» деген. Тағдырдың жазғаны, дәм-тұзының таусылғаны осы болар.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі Қосман Айтмұханбетовтің қазасына орай туған-туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болып, нұры пейіштің төрінде шалқысын!

# БОЗОҚТАН НҰР-СҰЛТАНҒА ДЕЙІН

**Таяуда Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені дайындаған «Нұр-Сұлтан қаласының қалыптасу тарихы» атты деректі фильм бірқатар телеарнадан көрсетілді. Астана күніне тарту етілген жарты сағаттық туынды ортағасырлық Бозоқ қалашығынан басталатын бас қаланың шежіресін тарқатады.**



Аса көрнекті археолог Кемел Ақышев тауып, індете зерттеген Бозоқ қалашығы сайын далада, Есіл және Нұра өзендерінің сағасында осыдан 1200 жыл бұрын, VII-VIII ғасырларда бой көтерді. Көшпенділердің мәдениетінен сыр шертетін қалашықты осы аумақта өмір сүрген көне түркілер игерді. «Бозоқ» сөзі көне түркі жазбаларында «Шығыс» мағынасын береді. Бұл туралы руникалық жазбалар мен орта ғасырдан бізге жеткен мұра – «Оғызнама» эпикалық дастанында айтылады. Қазіргі кезде Бозоқтың орнында ашық аспан астындағы музей ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Бозоқ осыдан мың жылдан аса уақыт бұрын бұл далада өркениет болғанын дәлелдейді. Мәселен, қазба жұмыстары жүргізілгенде, қалашық аумағынан кірпіш күйдіретін пештер табылды. Бұл осы жерде металлургияның жақсы дамығанын көрсетеді, – дейді «Бозоқ» музей-қорығының директоры Сәуле Бұрбаева.

Бозоқ қалашығы XIX ғасырдың орта шеніне қарай Ақмола бекінісінің негізі қалануына себеп болды. Ерекше атап өтерлік жайт, осы жазда бекіністің ашылғанына 190 жыл толды. Кейіннен оған қала мәртебесі берілді. XX ғасырдың ортасында Целиноград атауына ие болған шаһар тың астанасы атанды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қалаға ежелгі Ақмола атауы қайтарылды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел астанасын Алатаудан Арқаға көшіру туралы тарихи шешімі кешегі Ақмоланың бүгінгі сәулетті де дәулетті шаһарға айналуына негіз қалады. Қазір Нұр-Сұлтан қаласын әлем таниды. Жиырма екі жылдың ішінде қала танымастай болып өзгеріп, көрген жұрт тамсанатындай деңгейге жетті.

Деректі фильмде шаһар тарихына қатысты осындай мәліметтер молынан қамтылған. Әсіресе, Есіл бойындағы шағын шаһар қалай астана атанғаны жан-жақты тарқатылған.

Дайындаған
Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

# «ТЕАТР – ТАҒДЫРЫМ, ӨНЕРІМ – ӨМІРІМ»

**Кеше елордадағы Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен белгілі актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Алтынай Нөгербекпен «Театр – тағдырым, өнерім – өмірім» атты онлайн-кездесу өтті.**

Өнерлі отбасында туып-өскен Алтынайдың әртістікті таңдауынан басқа жолы болмаған сияқты. Әкесі, марқұм Бауыржан Нөгербек – белгілі кинотанушы, ал анасы – театртанушы. Актрисаға өнер әке қанымен, ана сүтімен дарыды десек те болады. Ол театр мен кино салаларында қатар көрініп, жемісті еңбек етіп келе жатыр. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын тәмамдаған актриса Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрына қабылданды. Оған да ширек ғасырға жуықтады. Осы аралықта театрда талай бейнелерді сомдады. Ал кинода кинорежиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» атты көркем фильміндегі ана бейнесі көрермендер қошеметіне бөленіп, лайықты бағасын алды. Осы рөлі үшін оған екі жыл бұрын Мемлекеттік сыйлық берілді.

– Бұл рөл басыма бақ болып қонды. Ел театрларында талай талантты актрисалар бар. Бірақ таңдау маған түсті. Бұрын түскен фильмдерім болса да, осы ана бейнесі – кинодағы ең алғашқы үлкен рөлім. Соған қатты қуанамын. Осы фильмнен кейін қызым дүниеге келді. Оған кинода сомдаған кейіпкерім Мәриям атын қойдым, – дейді А.Нөгербек.

Театрға келсек, бала кезінде көрген «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклі өзіне қатты әсер етті. Содан бастап актриса боламын деген шешімге келді. Түсінде де сахнада ойнап жүргенін көретін. Бірде Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» спектаклiндегі Зәрипа бейнесі түсіне кіргені бар. Кейіннен Қаллеки театрында дәл осы бейнені сомдап шықты. Жалпы, театрда актриса әр алуан мінездегі кейіпкерлерді кейіптейді. Жанына кинодан театр жақын екенін де жасырмайды. «Себебі өнерді театрдан бастадым. Сахнада жүріп жұртқа танылдым» дейді актриса.



# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДІҢ ҚАДАМЫ

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен 22 шілде күні қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобының отырысы өтті.**




Қалиакбар
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Онлайн жүйеде өткен бұл ғылыми жиын «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейінгі кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» аясында ұйымдастырылды. Отырысқа Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Ж.Құрманғалиева қатысып, жаңа әліпбиді енгізу мәселелері бойынша сөз сөйледі.

Әліпбиді жетілдіру жұмыстарының барысы туралы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары, орфографиялық жұмыс тобының мүшесі Әділбек Қаба баяндама жасады. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша берілген уақыт ішінде құрамында 70-тен астам ғалым бар ұлттық комиссия жанындағы жұмыс тобы әліпбиді жетілдіруге арналған 8 отырысын өткізіп, Мемлекет басшысы айтқан олқылықтырға жан-жақты ғылыми талқылау жасады. Осы уақытқа дейін латын графикасына негізделген 40-тан астам жоба ғалымдар тарапынан қарастырылды, ғылыми негізге келетін ұсыныстар ескерілді, артықшылықтары әліпби жетілдіруде назарға алынды» деді Әділбек Қаба.

Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобының мүшелері осы ғылыми жиында талқылап, мақұлдаған латын әліпбиінің жобасы ұлттық комиссияға жіберілетін болып шешілді. Сонымен бірге емле ережелері де жұмыс тобы мүшелері тарапынан тағы да пысықталып, аталған комиссияға ұсынылатын болды.

Жиналысқа орфографиялық жұмыс тобының құрамындағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, Назарбаев университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің және Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мүшелері қатысты.

www.astana-akshamy.kz
Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДІЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**
Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**
Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы — 15 000
Тапсырыс №87
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com
**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06
**astana.akshamy@mail.ru**